



Облыс әкімі Бейбіт ИСАБАЕВ инфрақұрылымды, энергетиканы және ауыл шаруашылығын дамытуға бағытталған бірқатар маңызды жобаның жүзеге асырылу барысын тексерді. Аймақ басшысы жаңа бастамаларға ғана емес, қажырлы еңбек пен инвестицияның арқасында қайта жанданған күрделі тарихы бар жобаларға да назар аударды.

Еңлік КЕНЕБАЙ,
«Jetisy»



ЕКІ ӨҢІРДЕГІ ӨРКЕНДІ ІСТЕР

Ескелді ауданының орталығы Қарабұлақ ауылында ауданы 5 гектардан астам, ұзындығы 1,2 шақырым болатын «Жеңіс» саябағы салынып бітті. Саябақтың тарихы 2021 жылы Жеңіс көшесінің құрылысына мемлекеттік сатып алу жүргізілген кезден басталды. «Монолит» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі мердігер ретінде таңдалып, жұмыс 2022 жылдың маусымында аяқталады деп жоспарланған. Алайда, жоспар мүлде орындалмай қалды. Жұмыс «ауа райының қолайсыздығы, білікті кадрлардың тапшылығы» деген желеумен кейінге шегерілген. Сайып келгенде, жағдай сот ісін жүргізуге ұласып, саябақ аяқталмады. Араға бірнеше жыл салып нысан құрылысы қолға алынып, жүйелі жұмыс жүріп, бүгінде заманауи саябақ ескелділіктерге қызмет көрсетуде.

Аудан әкімі Елдос Ахметовтің айтуынша, бұл саябақта волейбол, баскетбол және футбол ойнайтын 3 эмбебап спорт алаңы, 4 балалар ойын алаңы жасалып, орындықтар, коқыс жәшіктері, жарық шамдары орнатылған. Тротуар төселіп, 460-қа жуық 4 түрлі жапырақты және қылқанжапырақты ағаш отырғызылды. 38 мың шаршы метр аумаққа газон төселіп, санитарлық торап салынды. Атап өтсек, саябақтағы ағаштар арық жүйесі арқылы суарылады. Айтпақшы, бүкіл саябақтың бойымен велосипед жолы өтеді. Сонымен қатар, жаяу жүргіншілер жолы да ұқыпты түрде жиектеліп, саябақ сәнін арттырып тұр.

Саябақты қайта жаңғыртуды өз мойнына алған «OTERMA 2022» жауапкершілігі шектеулі серіктестігінің басшысы Сағит Әлібековтың айтуынша, жобаның жұмысы қайта қаралып, қаржысы қайта есептелінді.

– Бұл табиғи ландшафты тамаша аймақ. Табиғаттың сыйын қаз-қалпында сақтап, заманауи үлгіде жасап шығу қажырлы еңбекті талап етті. Бірақ осы деңгейге жету үшін де еңбеккерлер біршама жұмыс атқарды. Қарасаң көз тойтын саябақты тұрғындардың игілігіне

қайта ұсынудың өзі біз үшін бір ганибет. Енді ескелділіктер саябаққа келіп, алаңсыз демалады, – дейді Сағит Әлібеков.

– Қазір «Таза Қазақстан» бағдарламасы аясында өңірдегі аудан орталықтары мен облыстық маңызы бар қалалардың бәрінде дерлік абаттандырылған саябақтар салу немесе жасалып жатқан аймақтарды қайта жаңғырту жұмыстары қарқынды жүріп жатыр. Біз бұл жұмыстарды 2026 жылдың соңына дейін толық аяқтаймыз. Суару желісі де жобала бірден қарастырылады. Өйткені саябақтардағы жасыл желекті күтіп-баптап, уақытылы суарып отыру керек. Бүгін «Жеңіс» саябағының құрылыс жұмыстары аяқталғанын көрдік, енді оны күтіп ұстау, суару жұмыстары жүйелі жүргізілуі тиіс. Халықтың осындай мәдени-демалыс саябақтарында жайлы демалуына жағдай жасалуы керек. Ал тұрғындар да өз тарапынан саябаққа қамқорлықпен қарауы қажет. Соны кеңінен айтып түсіндіріңіздер, – деді Бейбіт Исабаев аудан әкіміне. Сол сияқты саябақтағы қалған ұсақ-түйек шаруаларды, соның ішінде көктемгі гүл мен көгал отырғызатын жерлерге қара топырақ төгу жұмыстарын аяқтауды тапсырды.

Облыс әкімі бұдан кейін Текелі қаласына барып, ірі энергетикалық жобаның жүзеге асырылу барысымен танысты. Бір кездері өнеркәсіптің орталығы болып, кейін құлдырап кеткен Текелі бүгінде түрленіп, қайта өрлеуді бастан кешіріп жатыр. Қазіргі таңда Қазақстандағы шағын қалалардың дамуының символына айналуға. Жергілікті энергетикалық кешенді жаңғырту және аралас циклді газ турбинасын салу ірі жобасының іске қосылуы қала үшін жаңа үлкен жетістік болмақ.

Текелі жылу электр орталығында аралас циклді газ турбинасын салу электр энергиясын өндіруді 68 МВт-қа (қосымша 44 МВт) және жылу энергиясын 90 Гкал-ға (қосымша 48 Гкал) дейін арттырады. Жоба құны 25,4 млрд. теңгені құрап, қосымша 15 жұмыс орны ашылды. 2025 жылдың

сәуір айында екі газ турбиналық қондырғы орнатылып, жобаның бірінші кезеңі аяқталды. Жобаның толық іске кірісуі 2026 жылға жоспарланған.

– Осы жоспарларды жүзеге асыру нәтижесінде Текелі қаласы өзін-өзі электр және жылу энергиясымен толық қамтамасыз етеді. Бұл экономикалық тұрақтылық пен энергетикалық тәуелсіздігін айтарлықтай нығайтады, – дейді «Текелі энерго кешені» ЖШС-нің техникалық директоры Тимур Бижанов.

Облыс әкімі «Green House» жылыжай кешенін қайта құру жоспарымен де танысты. 2019 жылдан бері тоқтап тұрған бұл нысанға инвестор тартылып, жұмыс жандана бастады. Аланда құны 4,5 миллиард теңгені құрайтын жаңа жоба жүзеге асырылуда. Жанартылған жылыжай келесі жылдың күзінде ашылмақ. Кәсіпорын 100-ге жуық адамды жұмыспен қамтуға елеулі үлес қосып, аймақтың азық-түлік қауіпсіздігіне ықпал ететін көкөністердің, әсіресе қызанақ пен қиярдың айтарлықтай көлемін өсіреді деп күтілуде.

Естеріңізге сала кетейік, қазіргі таңда Текелі қаласының өнеркәсіп саласында 52 кәсіпорын жұмыс істейді. Олардың негізгілері «Текелі энерго кешені» ЖШС, «Суффле Қазақстан ұлт зауыты» АҚ, «Текелі тау-кен байыту комбинаты» ЖШС. Өнеркәсіп өнімінен түсетін қаржы биыл 31,1 млрд. теңгені құрамақ. Осы жылдың 9 айында 24,2 млрд. теңгенің өнімі өндіріледі.

Аймақ басшысы Д. Қонаев көшесіндегі жол жөндеу жұмысын тексеріп, өткен жылы бой көтерген дене шынықтыру-сауықтыру кешенін аралап көрді.

Облыс әкімі Бейбіт Исабаев жұмыс сапары барысында екі өңірдегі бірқатар ірі жобаның іске асқанын көріп, жұмыс сапасына оң баға беріп, сала мамандарына нақты тапсырмалар жүктеді.

Қарабұлақ ауданы
Текелі қаласы



Суреттерді түсірген Жеңіс ИСАБАЙ




БҮГІНГІ НӨМІРДЕ:



3

ТАМШЫПАТЫП САУДЫҢ
ТАБЫСЫ МОЛ



4

ЖАНЫҢА САЯ ІЗДЕСЕҢ,
САРҚАНҒА КЕЛ!



6

МӘМБЕТТЕН ЛЕНИН
ҚАШАН КЕТЕДІ?

Бүгінде бұл тағамдар тек той-думандарда ғана емес, күнделікті ас мәзірінің ажырамас бөлігіне айналды. Мәңгі мен тұшпараны үй жағдайында дайындау – ерекше ықылас пен шыдамдылықты қажет етеді. Қамыр илеу, фарш әзірлеу, әр түйірін әдемілеп түйю – бәрі еңбек. Қазіргі таңда көп отбасы бұл тағамдарды дүкеннен сатып алғанды қалайды. Өйткені, оны үйден әзірлеуге әркімнің уақыты жете бермейді. Осыны білетін Маржан Сейдуллаева өз үйінде жартылай фабрикаттар өндірісін қолға алды. Бастапқыда ол мұны қарапайым идеядан бастаған.

Кәсіпкер дәмді ас әзірлегенді жақсы көреді. Оның тіл үйірет дәмді тағамдары, әсіресе, тұшпарасы туыстары мен қонақтарының арасында кеңінен танымал. Өйткені, ол дайындаған ас тандай қаққызып, танданысты туғызады. Сөйтіп, жиі мақтау естиді. Уақыт

«АЛТЫН ҚАСЫҚТЫҢ» дәмді тұшпарасы

Әрдайым асқа толы дастарқан үй берекесін кіргізеді. Сол дәмдердің ішінде мәңгі мен тұшпара – көпшіліктің сүйікті асы.

Айгүл БАЙБОСЫНОВА,
«Jetisy»



өте келе ол мұндай мүмкіндікті ұтымды пайдалануды көздеп, үй тағамдарын тек жақындарымен ғана емес, сондай-ақ, басқа да

адамдармен бөлісуді жөн көрді. Тіпті, осы арқылы ақша табуға болатынын түсінді.

Нәтижесінде «Altyn Qasyq» маркасы пайда болды. Үйде жасалған тұшпара, мәңгі сияқты жартылай әзірленген тағамдар тұтынушылар тарапынан әрқашан сұранысқа ие. Себебі, қазір оны пайдаланатындар

аз емес. Бұл істі бастау көп қаражатты қажет етпеді. Тек, табандылық пен еңбек жеткілікті болды. Осылайша Маржан Сейдуллаева осыдан 5 жыл бұрын «РенМар» жеке кәсіпкерлігін тіркеп, өз үйінде жартылай фабрикаттар өндірісін бастап кетті.

Бүгінде нәтижесі көңіл қуантады. Сапалы дайын өнімдері қазір Талдықорған қаласының жақын маңында орналасқан дүкендерде сатылады. Жұқа қамыр, шырынды ет және табиғи ингредиенттердің арқасында өңделген тағамдар бірден көз жауын алады. Ал 2021 жылы жартылай фабрикаттар шығаратын дүкен мен өндірістік цех салынды. Осы бағытта жұмыс істеп, сұраныстың жылдан жылға артып келе жатқанын байқаған кәсіпкер істі кеңейту қажет екенін ұқты.

Сөйтіп, «Банк ЦентрКредит» АҚ-ға жүгініп, инвестицияларға, атап айтқанда қолданыстағы цехқа қосымша құрылыс салуға несие алды. Жобаға «Кепілдік қоры» бағдарламасы бойынша «Даму» қорының кепілдігі берілді. Ендігі кезекте жаңа нарықтарды бағындыру жоспарда бар.

Талдықорған қаласы

✓ВОЛЕЙБОЛ

Ел волейболының өркендеуіне Жетісу өңірінің қосқан үлесі зор. Сары-ала доптағы сан сайыста жеңіс тұғырынан көрініп жүр. Жетістіктеріне орай еліміздегі әзірге тұңғыш жалғыз волейбол базасы Талдықорғанда бой көтерді. Жыл басында «Жетісу» қыздар волейбол клубы Филиппинде өткен Азия чемпиондар лигасында, ел чемпионатында, Қазақстан Кубогы мен Суперкубогында жеңіске жетті. Ал жаңа маусым басталғалы ұпайдан шашау шығармай, әр ойын сайын өршелене қимылдап келеді.



«ЖЕТІСУ» КӨШБАСЫНДА

Серік ҚАНТАЙ,
«Jetisý»

Биылғы ел чемпионатының өту Бережесі өзгерді. Қатысып жатқан сегіз команда төрттен екі топқа бөлініп, кіші және үлкен турдан тұратын кезеңді өткізеді. «Жетісу» «А» тобында «Алматы», «Берел» (ШҚО) және «Тұран» командаларымен ойнаса, «Б» тобында «Қуаныш» (СҚО), «Астана», «Ақтөбе», «Қарағанды» командалары бар. Талдықорғандағы «Жастар» спорт сарайында XXXIV Қазақстан чемпионатының ІІ кіші тур ойындары өтті. «Б» тобы Ақтөбеде ойнады. Ал қарашының соңында ІІ үлкен тур Талдықорғанда болады. Онда барлық команда жиналып, өзге топтағылармен кездеседі.

«А» тобын әу баста «қиын әрі қызық топ» деп баға бергендер жетерлік. Былтырғы ел чемпионатының финалында ойнаған қос команда және оның алдында сенсациялы түрде ел чемпионы болған команданың бір топта болуы жанкүйер үшін үлкен олжа еді. Сондықтан да болар, Талдықорғанда өткен кіші турды тамашалауға келген жанкүйерлерде есеп жоқ. Әсіресе, «Жетісу» мен «Берел» арасындағы ойын жанкүйер апшысын қуырып, көптен көрмеген классикалық волейболдың тамаша үлгісін көрсетті. Жетісулықтар қарсыластарынан 3:1 (26:24, 25:17, 23:25, 25:23) есебімен басым түсіп, өз жанкүйерлерін қуантты. Бұл ойынды облыс әкімі Бейбіт Исабаев көріп, артынша волейболшылармен аз-кем әңгімелесті.

– Чемпион болу қиын, ал чемпиондықты сақтап қалу одан да қиын. Бүгінгі ойында сіздер командалық береке-бірліктеріңізді, кәсіби шеберліктеріңізді көрсеттіңіздер. Алдағы уақытта да жеңісті жолды жалғастыруға барлық мүмкіндіктеріңіз бар, біз сіздерден тек жеңіс күтеміз, – деді өз сөзінде Бейбіт Әксікбайұлы.

«Жетісу» чемпионат басталғалы барлық ойында (10 ойын) жеңіске жетіп, турнирлік кестені 29 ұпаймен бастап тұр. Ал ІІ орында

«Қуаныш» (28 ұпай), ІІІ орында 20 ұпаймен «Берел» келе жатыр.

– «А» тобындағы ойындарды ойдағыдай аяқтадық. Енді үлкен турдағы маңызды кездесулер күтіп тұр. Осы жолы болған ойындарда жібержен қателіктерден сабақ алып, қорытынды шығарамыз, – дейді «Жетісу» командасының ойыншысы Татьяна Никитина. Татьяна ІІ кіші турда «Жетісу» сапынан «Үздік ойыншы» болды. Ол үш ойында 35 ұпай («Алматымен» 13 ұпай, «Берелмен» 17 ұпай және «Тұранмен» ойында 5 ұпай) жинады. Шабуылда ширақ, қорғаныста мығым ойнаған талдықорғандықтың аландағы іс-қимылы көпті сүйсінткені анық.

«Жетісу» командасы ІІ турды (кіші және үлкен) аяқтаған соң, желтоқсанда негізгі екі сын күтіп тұр. Бұл жөнінде команда бапкері Марко Грчиш: «Бразилияның Сан-Паулу қаласында болатын жананның үздік 8 командасы қатысатын клубтық Әлем чемпионатында бақ сынаймыз. Өз тарихында тұңғыш рет қатысатын «Жетісу» үшін бұл үлкен тәжірибе болмақ. Әлемнің мықтыларымен иық тірестіре отырып ойнау, ол кез келген ойыншының ойын өзгертіп, деңгейін өсіреді. Ал Әлем чемпионатынан келгеннен кейін араға бір апта салып Әскеменде болатын Қазақстан кубогында ойнаймыз. Осы аралық біз үшін ауыр әрі үлкен сынақ болайын деп тұр», – дейді. Кестенің тығыздығына карамастан команда жақсы нәтижеден үмітті.

– Біз үшін алдағы сыынның орны бөлек. Әрине, әр жарыстан жеңіп шыққымыз келеді. Әлем чемпионаты мәртебелі жарыс және оған қатысу кез келген команданың бағына бұйыра бермейді. Біз Азияның чемпиондары есебінде сынга түсеміз. Бүгінгі волейболдың жауһарлары саналатын мықтыларға қарсы ойнаймыз. Тәжірибе жинау үшін дәл осындай жарыстың алатын орны зор. Осы тұрғыда команданың еркін ойнап, алаңсыз жаттығуына мүмкіндік жасаған облыс басшылығына, кәсіпкерлерге және үнемі қолдауын жямайтын жанкүйерлерге алғыс айтқым келеді, – дейді «Жетісу» волейбол клубының директоры Нияз Жантілеуов. Былтыр өзі қатысқан жарыстың

барлығында жеңіске жеткен «Жетісу» үшін биыл екі есе күш салып кірісу қажет. Өткен маусымда ел чемпионатының және Азия чемпиондар лигасының «Үздік ойыншысы» болған «Жетісу» волейбол клубының капитаны Карина Денисова жаракаттан кейін ота жасатып, бүгінде жеке жаттығуларға кіріскенімен маусым соңына дейін өз ұжымына көмектесе алмайды. Командада бірқатар өзгерістер орын алмақ. Ол Әлем чемпионатының қарсаңында жүзеге асады.

Еліміз егемендік алғанда ұлттық құраманың алғашқы капитаны болған Марат Адыршев кейінгі 10 жылға жуық Талдықорғанда тұрақтап «Жетісу» ерлер командасының аяқтан тұруына тікелей себепші болды. Бүгінде волейболдан «Жетісу» ерлер командасы қара үзіп шықса, оған айтарлықтай үлес қосқан жанның бірі – Марат Алтынханұлы. «Жетісу» қыздар командасының бас айналдырарлық жетістігінен кейін ерлер командасына да толықтай ден қойылып, биыл ел чемпионы болу мақсаты алға қойылды. Былтырғы маусымда жұлдеге сынық сүйем қалғанда сүрінген жігіттер биыл чемпионаттың басты фавориті. Таразбен Ақтөбеде өткен І турдың нәтижесі бойынша 18 ұпаймен І орында келеді.

«Жетісу» ерлер командасының жаңа маусымдағы алғашқы қадамы жанкүйерлерді қуантты. Өңір басшылығынан, демеушілерден айтарлықтай қолдауға ие болған команданың үздіктер санатынан шығып қалуға құқы жоқ. Талдықорғанда келесі апта басталатын ІІ турға «Жастар» спорт сарайында қызу дайындық жүргізіп жатқан «Жетісу» ерлер командасының жаттығуын көрген облыс әкімі Бейбіт Исабаев барлық жағдай жасалғандығын, тек жеңіс қажет екенін айтты.

– Сенім білдірген, үміт артқан жандардың үдесінен шығып, жанкүйерлерімізді қуанту үшін барымызды саламыз. Алда болатын жарыстарда жақсы нәтиже үшін соңына дейін ойнаймыз, – дейді «Жетісу» ерлер командасының капитаны Айбек Жақсылыков.

✓МЕМЛЕКЕТТІК ҚЫЗМЕТ

ӘДЕП КОДЕКСІНІҢ нормалары сақталады

Мемлекеттік қызмет істері агенттігінің Жетісу облысы бойынша департаменті мамандарының және облыстық мәслихаттың төрағасы, Әдеп жөніндегі кеңес мүшесі Гүлнар Тойлыбаеваның қатысуымен Денсаулық сақтау министрлігі санитариялық-эпидемиологиялық бақылау комитеті облыстық департаментінің қызметкерлеріне мемлекеттік қызмет, сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл саласындағы заңнама талаптары мен Әдеп кодексін сақтау мәселелеріне қатысты семинар өтті.

Онда қызметтік әдеп нормалары мен сыбайлас жемқорлыққа қарсы мінез-құлық мәдениетін қалыптастыру, мемлекеттік қызметшілердің сыбайлас жемқорлыққа деген теріс көзқарасын орнықтыру мәселелері көтерілді. Әрбір мемлекеттік қызметшінің мемлекеттік қызметтегі мінез-құлық қағидаларын реттейтін Қазақстан Республикасы мемлекеттік қызметшілерінің Әдеп кодексі. Кодекске сәйкес, мемлекеттік қызметшілер жоғары кәсіби, адал, әділ, қарапайым болуға, жалпы қабылданған моральдық-әдептік нормаларды сақтауға тиіс. Әдептілік – өркениетті қоғамның адамгершілік қағидалары екенін есте ұстаған жөн.

Әдеп кодексі мемлекеттік қызметшілерге адамгершілік бағыт-бағдар беруге арналған. Мақсаты – мемлекеттік қызметшінің өз жұмысының маңыздылығына сенімділігін арттыру және кодексте көрсетілген барлық қағидады сақтай отырып, мемлекеттік қызметтің жарқын үлгісі болғанына мақтаныш сезімін қалыптастыру. Әдеп кодексі талаптарын қатаң сақтау мемлекеттік қызметтің беделіне нұқсан келтіретін тәртіптік теріс қылықтардың азаюына ықпал етеді.

Аталған түсіндіру жұмыстары мемлекеттік қызметшілердің құқықтық сауаттылығын арттыруға, қоғамда адалдық пен әділдік қағидадарын қалыптастыруға, мемлекеттік қызметтің беделін көтеруге септігін тигізеді.

Мұндай профилактикалық іс-шаралар мемлекеттік органдарда ашықтық пен жауапкершілік қағидадарын нығайтуға, қызметтік этика талаптарын жүйелі түрде сақтау мәдениетін орнықтыруға мүмкіндік береді.

Қазақстан Республикасы Мемлекеттік қызмет істері агенттігінің Жетісу облысы бойынша департаменті

✓ӨЗЕКТІ

ЖЕР – ел ырысы

Соңғы жылдары елде пайдаланылмай жатқан, заңсыз иеленген немесе мақсатты пайдаланылмай жүрген жер телімдерін мемлекет меншігіне қайтару жұмыстары жанданды.

Бұл – жер ресурстарын реттеу және қоғамға тең түрде бөліп беру мақсатындағы жүйелі шаралардың бірі. Бұл ретте Жетісу облысында да атқарылып жатқан жұмыстар аз емес. Мәселен, биыл аймақта 100 мың гектарға жуық ауыл шаруашылығы жері мемлекет меншігіне қайтарылды. Олардың үштен бірі Ақсу ауданына тиесілі. Қалғандары Алакөл және Кербұлақ аудандарында орналасқан.

Жергілікті билік өкілдерінің айтуынша, ауылдық округтерге жакын орналасқан пайдаланылмайтын телімдердің бір бөлігі мал жаюға, келесісі – байқау негізінде фермерлік шаруашылықтарға беріледі. Үш жыл ішінде 598 мың гектардан аса ауыл шаруашылығы алқаптары айналымға қайтарылған.

Осыған байланысты облыстық жер қатынастары басқармасының бас маманы Аман Айдынұлы ойын білдіріп, 150 мың гектар жер жеке шаруашылыққа мал бағу үшін бекітілгенін, ал 270 мың гектар алқап фермерлерге байқау арқылы берілгенін, қалған 180 мың гектар алаң келесі жылдың ортасына дейін айналымға қосылатынын алға тартты.

А. БАЙЖҰМАҚЫЗЫ

✓ОТАНДЫҚ ӨНДІРІС

Қант қызылшасының элиталық тұқымын өсірумен шұғылданатын «Қамқорлық» ЖШС елдегі тәтті түбір тұқымын өндіретін жалғыз шаруашылық.

«Қамқорлық» ЖШС жетекшісі Өлен Жолдасов Қазақстан егіншілік ғылыми-зерттеу институтымен, басқа да шетелдік ғалымдармен тығыз байланыс орнатып, тұтынушы талабынан шығатын қызылша тұқымын өсіруге ден қойды. Қазір бұл шаруашылықтың өндірісінде отандық ғалымдар шығарған «ҚазСиб», «Айшолпан» атты қант қызылшасының бірер тұқым түрі бар.

– Ауыл шаруашылығы министрлігі біз өсірген өнімнің сапасы мен өзіндік құнын бағалап, мол қаржы бөледі. Сөйтіп, қант қызылшасын өсіретін шаруашылықтарға тиімді баға тұқым сатуға, тәтті түбір алқаптарының кеңі түсуіне жасадай жасауда, – дейді Өлен Әбілмәжинұлы.

Өткен жылы өндірген өнімнің 60%-ын Жамбыл, 20%-ын Оңтүстік Қазақстан, қалғанын Жетісу облысының қызылша өсірушілері алып, сапалы мол өнімге кенелген.

– Жамбыл облысының басшылары Меркі қант зауыты мен аудандарындағы тәтті түбір өсіретін шаруашылықтардың бізбен ұйысақты келісім жасауына мүмкіндік туғызды, – дейді Өлен Жолдасов.

Былтыр «Қамқорлық» ЖШС еңбеккерлері 3 гектарға жуық алқапқа Украина F3I ғалымдары шығарған бір дәнекті «Ялтушковская-30» және

УАҚЫТ үрдісімен ҮНДЕСКЕН

отандық ғалымдарымыз жасаған «ҚазСиб-14» элиталық қызылша тұқымдарын өсіріп, жалпы 2,5 тонна таза, сапалы қант қызылшасының тұқымын жинады. Биыл да сұранысқа қарай осы деңгейде өнім өндіріп, таратуды мақсат етіп отыр. Қант қызылшасының сапалы тұқымын алудың басты талабы өндірілген аналық тұқым материалын қысқы суыққа ұрындырмай, аман алып шығу. Бұл бағытта серіктестік осы күнге дейін белгілі тәжірибелердің онтүстік өлкеде тиімді технологияларын сынақтан өткізді. Тынбай тәжірибе жасаудың нәтижесінде соңғы бірнеше жылдан бері аналықты сенімді сақтаудың жолын тапты. Сыйымдылығы 1 миллион аналық материал сақтайтын жертөле қоймасын жасады. Бұдан басқа дала арықтарына (бораздалық) көму әдісімен алқаптарды аналық көшетпен қамтамасыз ететін тұқымдық материалдар дайындап жүр.

– Шаруашылық құрылған сәттен тұқым өсірудің қыр-сырын меңгерген тәжірибелі жұмысшылар «Еңбек даңқы» орденінің иегері Бақытгүл Құдайбергенова, Ахмет Азынахунов, механизаторлар Алтысбай Бексұлта-

нов, Ринат Дәулетов, агроном Бақыт Нүсіпжанов шаруашылық берекесінің алтын діңгегіне айналуда. Біз бүгін мектеп партасында отырған жеткіншекті өз ауылындағы өндіріс орнымен таныстырып, оның жұмысының сырын меңгеруіне жол ашудамыз. Үлкенішқан орта мектебіндегі оқушылармен тығыз байланыс жасап, жастардың біздің өндіріспен терең танысуына мүмкіндік жасадық. Оқушыларды жазғы демалыста алқапқа апарып, ақылы жұмыс беру арқылы еңбекке баулимыз, – дейді шаруашылық басшысы.

Бүгінде серіктестіктің өз машина, трактор стансысы бар. Ондағы техникаларды өндіріске пайдаланумен қатар көктемгі егін егу, күзгі жиын-терін науқандарында басқа шаруашылықтарға қызмет көрсету үшін табыс табуға жұмсайды. Шаруашылыққа біріккен қожалықтардың жерін жыртып, егінін егіп, өнімін жинап көмек көрсетеді. Өздері де азын-аулақ бидай, жүгері өсіреді. 2011 жылдан бері Ресейден өсімдік майын сығатын қуаттылығы жоғары агрегат сатып алып орнатып, мақсары (софлор) өсіруді қолға алды.



Ресейден ағаш тілетін қуатты ара әкеліп, ауылдастарының құрылыс материалдарына деген сұраныстарын қанағаттандыру арқылы қосымша табыс табуда. Сол сияқты Қытайдан шағын зауыт жабдықтарын алып, коспа жем дайындайды.

Кәсіпкер өндіріс орнының салаларын көбейтуді ойлап жүр. Бұған дәлел көпжылдық шөп егіп, жоңышқа тұқымын дайындауда. Серіктестік соңғы 3 жылда Қазақ ғылыми-зерттеу институтының ғалымдарымен бірлесіп, жоңышқаның «Жетісу» сұрыбын

3 гектар жерге өсіріп, одан жиналған өнімін жергілікті шаруаларға сатады. Қазақ ғылыми-зерттеу институтының ғалымдары шығарған жүгерінің «Тұран-120» элиталық тұқымын өсіріп, жаркенттік жүгерішілерді жыл сайын сапалы тұқыммен қамтамасыз етеді. Қазір шаруашылық өсірген қызылша тұқымы мен жүгері тұқымдарын толық жинап, егістік алқаптарына күзгі суару жұмысын қолға алды.

Мырзағали НҮРСЕЙІТ
Панфилов ауданы



✓ БҮГІНГІ КҮН МӘСЕЛЕСІ

Әлемде тұщы су қоры жыл сайын азайып барады. Бұл құбылыс соңғы жылдары табиғи су көздері мол біздің елде де айқын сезілуде. Сондықтан егін шаруашылығында тамшылатып, жаңбырлатып суару технологиясын жандандыру күн тәртібіне қойылып отыр. Облыста қазір 9 мың гектарға жуық алқап осы әдіске көшті. Соның жартысына жуығы Жаркент өңірінің еншісінде.



ТАМШЫПАТЫП СУАРУДЫҢ ТАБЫСЫ МОЛ

Аудандағы егін негізінен суармалы жерде өсіріліп, өнім алынатындықтан мұнда егін алқабының ылғалын технологиялық талапқа сай ұстау жүйесінің рөлі ерекше. Өңірдегі жүгері дақылының тұқымы алдымен суарылған жерге себіледі. Одан кейінгі өніп, өсу кезеңінде күннің ыстықтығы мен топырақтың құрғақ сары, сортаң болып келетіндігінен өсімдік суды көп қажет етеді. Орта есеппен жүгері жетілгенінше 5-7, тіпті кейбір құмдауыт, тастақ жерлерде 10 мәрте суарылуы шарт. Өңірде өсірілетін басқа дақылдардың да суға деген сұранысы жоғары.

Соңғы жылдары құрғақшылықтан, су тапшылығынан, аудан шаруашылықтары мен шаруа қожалықтарының көбеюінен су бөлуде күрделі мәселелер туындап, егіншілер қажетті мөлшерде суару жұмысын атқара алмай жүр. Бұл мәселені аудандағы су шаруашылығы қызметкерлері қожалықтарға берілген су мен уақытты тиімді пайдалануды реттеу арқылы жолға қойып келеді. Алайда жыл өткен сайын бұрынғы су жолдары тозып, жарамсыздана бастағандықтан айтарлықтай тауқыметтер туындап отыр. Бұған жаз маусымындағы құрғақшылық салдарынан өзендердегі су мөлшерінің төмендеп кетуі де кері әсерін тигізуде.

«ҚазСуШар» Панфилов өндірістік учаскесі егін егетін қожалықтармен келісімшарт жасасқан. Өңірде нақты айналымда жалпы 40 мың гектардан аса суармалы егістік бар, соның 20 мың гектардан астамына жүгері өсіріледі. Биыл өңірде 41978 гектар жерге ауыл шаруашылығы дақылдары өсірілді. Тұрғындардың негізгі өндіріс көзіне айналған жүгеріден алдыңғы жылы 155 мың тоннадан аса дән жиналды, бұл өткен жылмен салыстырғанда 10 мың тоннаға артық. Бұдан басқа, егіншілер көкөніс, картоп, жеміс-жидек, бакша өнімдерін баптайды.

Жаркент өңірі ел аузында «Кіші Жетісу» аталғанымен, Арқас тауының күнгей бетінен ағатын мыңдаған бұлақты арналайтын жеті өзен суы көктем, жаз мезгіліндегі егін суару науқанына молынан жетпей, диқанның көбі тығырыққа тіреледі. Мұның себеп-салдары бар. Соның бастысы өзен суларын маусымға қажетті мөлшерде жинақтайтын су тоспалары мен қоймаларының жоқтығында. Екіншіден, осыдан жарты ғасырдан аса уақыт бұрын жасалған бетон арналары мен олардың көмейіндегі шағын су бөлетін тоспалардың бүгінде әбден тозығы жетіп, табаны тесіліп, алқапқа жеткенше судың көп мөлшерінің орынсыз шығынға ұшырауында.

Қазір «ҚазСуШар» РМК аудандық филиалының өндірістік учаскесінде Басқұншы, Қорғас, Жоғарғы-калалық, Буракожыр, Үшарал, Еңбекші, Тышқан деп аталатын 7 гидроучаске бар. Онда 4 бөгетті гидроторап, 438 дана гидротехникалық құрылғы және 182 гидробекет жұмыс істейді. Биыл мемлекеттік суландыру жүйесінен 370,0 млн. текше метр су беру жоспарланған. Су пайдаланушымен келісімшарт жасалып, 39788 гектар жерге ылғал берілді. Өңірдегі тау өзендерін бөгеппен, үлкен су қоймаларын жасау біраздан бергі арман. Бірақ, тау баурайларындағы өзендерді бөгеппен, ірі су қоймаларын жасау оңай шаруа емес. Біріншіден, бұл іс орасан мол қаржыны талап етеді, екіншіден, елді мекендердің басым бөлігі ойпатқа орналасқандықтан су бөгеттерінің халыққа қауіпсіздігін қатаң ескеру шарт.

Ауданда алдағы 3 жылда, яғни биылдан бастап 2027 жылға дейін Өсек, Тышқан және Қорғас өзендері бойында 3 ірі су қоймасы салынбақ. Бұл өңірдегі егістік алқаптарын сумен қамтамасыз етуді түбегейлі шешеді. Ол су тапшылығы салдарынан жылдан жалға кеми бастаған суармалы егістік алқаптарын қайта қалпына келтірумен

қатар, егін егетін жаңа жерлер пайда болып, бұрынғы игеріліп жүрген 41 мың гектардан аса суармалы жерге тағы 8 мың гектарға жуық алқап қосуға және дақылдардың өнімділігін жоғарылатуға мүмкіндік береді.

Биыл ауданда жалпы сыймдылығы 35 млн. текшеметрді қамтитын 3 су қоймасын салуға жобалау жұмысын жүргізу үшін 67,7 млн. теңге бөлініп, максатты іс тиянақталды. Су қоймаларының құрылыс-монтаж жұмыстарын «Ислам Даму» банк қаражаты есебінен жүргізу жөнінде ҚР Су ресурстары және ирригация министрлігімен келісіліп, министрліктің 2025-2029 жылдарға арналған кешенді жоспарына енгізілді.

«Қорғас» су қоймасы Басқұншы ауылдық округіне қарасты Алмалы ауылының батыс жағында, елді мекеннен 4 шақырым қашықтағы Қарабастау сайына орналастырылады. Мұндағы қырдың ұзындығы 2079 метр, бөгеттің биіктігі 50 метр, жалпы аумағы 37,3 гектар жерді қамтымақ. Болашақ «Қорғас» су қоймасының жалпы сыйымдылығы 10 млн. текшеметрді қамтиды. Құрылыс-монтаж жұмыстарының болжамды құны 56216,8 млн. теңге. ТЭН әзірлеуге 21,1 млн. теңге жұмсалады. «Қорғас» су қоймасының экономикалық негіздемесіне сәйкес болашақта оның суын жалпы 1268 ауыл шаруашылығы тауарларын өндірушілері пайдаланып, 14119 гектар егінді сумен қамтамасыз етпек. Дәндік жүгерінің түсімділігін гектар сайын 70-тен 80 центнерге дейін ұлғайтуға мүмкіндік туғызады.

Өсек өзеніне салынатын су қоймасы «Бет-ағаш» аталатын шатта салынбақ. Оның жалпы аумағы 66,87 гектарды қамтып, қырының ұзындығы 1786 метр, биіктігі 50 метр болмақ. Жотаның ені 10 метр. Құрылыс-монтаж жұмыстарының болжамды құны 23163,1 млн. теңгені құрамақ. ТЭН әзірлеуге 27,5 млн. теңге жұмсалады деп күтілуде. Өсек өзеніне салынатын су қоймасының жалпы сыйымдылығы 15 млн. текше метр болмақ. Бұл қойма 1745 ауыл шаруашылығы тауарларын өндірушілердің 21810 гектар егістік алқаптарын сумен қамтамасыз етеді. Дәндік жүгерінің өнімділігін гектарына 60-тан 80 центнерге дейін ұлғайтуға мүмкіндік бермек. Мұнда құрылыс жұмыстары кезінде 150 адам, пайдалану кезеңінде 15 адам жұмыспен қамтылады.

Ал, Тышқан өзеніне салынатын су қоймасы Сарыбел ауылының шығыс жақ тұсындағы «Бай-қатын» теліміне орналастырылады. Оның жалпы аумағы 64,8 гектарды қамтиды. Бөгет түрі үйінді жер, жалпы барлық су қоймасы осындай әдіспен салынады деген болжам бар. Қырының ұзындығы 560 метр, ені 10 метр, су шығару қондырғысы құбырлы. Құрылыс-монтаж жұмыстарының болжамды құны 17062,2 млн. теңге. ТЭН әзірлеу құны 19 млн. теңге. Суару алаңы 6779 гектарды қамтиды. Тышқан өзеніне салынатын су қоймасының экономикалық негіздемелері бойынша өңірдегі 335 шаруашылыққа қарасты 6048 гектар егін алқабын сумен қамтамасыз етеді. Су қоймасы пайдалануға берілгеннен кейін осы өңірдегі 731 гектар жаңа суармалы жер айналымға қосылмақ.

Бұл айтқанымыз жобадағы жұмыс десек, қазіргі жағдайда мәселені шешудің ең тиімді жолы – егістік алқаптарына тамшылатып және



Қондырғыны су арнасына жалғап жаңбырлатып суару әдісі



Жоғары қысымды агрегатты тракторға тіркеу арқылы жаңбырлатып суару әдісі

жаңбырлатып суару әдісін кеңінен қолдану. Осы әдістерді қолдану арқылы егіншілікке қажет ылғал мәселесін шешумен қатар мол өнім жинап жүрген шаруашылықтар бар. Мысалы, Айдарлы ауылдық округіндегі «Жаркент-Фрукт» ЖШС 1110 гектар алқапқа өсірген интенсивті жеміс бағының 1050 гектарын тамшылатып суарып, құмды шөлейтте жеміс бағын жайнатып отыр. Сол сияқты «Көктал-Агро» ЖШС 603 гектар жүгері алқабын тамшылатып, 400 гектар егінін жаңбырлатып суарып, гектар өнімділігін арттыруда. Биыл «Көктал-Агро» ЖШС 980 млн. теңге қаржы жұмсап, тағы 1038 гектар алқабына тамшылатып суару технологиясын енгізуде. Жеке шаруа қожалықтарынан жаркенттік «Айгерім» ЖШҚ төрағасы Ұлан Сарпеков 55 гектар жүгері алқабын қытайлық технология бойынша тамшылатып суару арқылы мол өнім жинады.

Өткен жылдан бастап «ОТ-Агрохолдинг» ЖШС 250 гектар егістік алқаптарына осы әдісті қолдана бастады. Сол сияқты Қоңырөлең ауылдық округіндегі «Мәдина» ЖШҚ 50 гектар шабындығын, «Айсұлтан» ШҚ 50, «Нұрқайрат» ШҚ 40, «Илиманов» ШҚ 30 гектар егістігін тамшылатып суаруға көшірсе, биыл ауданда жаңадан

590 гектар алқапқа жаңбырлатып суару әдісі қолданыла бастады. Олар «Көктал-Агро» ЖШС 400, «Аширов.Г» шаруа қожалығы 140, «Беширов. Ю» ШҚ 50 гектар алқабын жаңбырлатып суарып, жазда туындайтын бірқатар мәселені оңтайландыруда. Өңірде жалпы 16 шаруашылық суды үнемдеудің тиімді технологиясын пайдалана бастаған. Олар 3169 гектар егістік алқабын осы әдіске көшірген. Жаңбырлатып және тамшылатып суарудың тиімділігі – әдеттегіден егін суаратын суды 25-30 пайыз үнемдеу мен 2 есеге жуық мол өнім жиналатындығында.


Жаркенттік диқанарға егістігіне суарудың жаңа технологиясын қолданумен қатар егінін жинап алған соң күзде алқаптарын суарып алуға ерінбегені абзал. Күзгі судан құр қалмаған диқан көктемде таудан келер қар суын күтпей, жердің үстінгі қабаты жылынысымен егінін егуге кірісе бермек. Туындаған су тапшылығына байланысты егіншілер алқаптарды тамшылатып және жаңбырлатып суару әдісіне көшуге талпынуда. Алайда жаңа технологияға көшу шаруаға көп қаражат талап етеді. Сондықтан мамандар шаруаларға егін алқаптарын күзде суаруды қолға алуға кеңес береді. Бұл жұмыс күн ысып, тау қары ерігенін күтіп, мамыр, маусым айына дейін қарап отырмай, сәуір, мамыр айында егінді уақытылы егуге мүмкіндік береді. Шаруа қожалықтарының көбі осы әдісті соңғы жылдары тиімді пайдалануда. Өткен күзде 20 мың гектардан аса жердегі жүгері, көпжылдық шөп, басқа да дақылдар алқаптары суарылды. Биыл да осы үрдіс жалғасатынына сенім мол.

Биыл өңірде жаз айларында жауын сирек жауды, алайда су үнемдеу технологиясын көптеп енгізу нәтижесінде егіншілер судан көп тарықпады. Десек те айтылып отырған мәселеде таразы басын тең ұстау мүмкін емес. Өйткені, бір жыл екінші жылға ұқсамайды. Бұған алдыңғы жылдың жаңбырлы болуы, биылғы құрғақшылықтың өзі дәлел. Сондықтан ауыл шаруашылығы өндірісіне егін суарудың тиімді технологияларын кеңінен енгізу шараларын жалғастырып жүр. Қазір шаруаларға тамшылатып суару әдісінің қытайлық технологиясын пайдаланған тиімді. Өйткені ол, алдымен, басқаларымен салыстырғанда арзан, екіншіден, жақын болғандықтан жол шығыны да қалтаға салмақ түсірмейді.

Мырзағали НҮРСЕЙІТ

Панфилов ауданы

Қорғас өзеніндегі халықаралық «Достық» су бөлу бекеті



ЖАНЫҢА САЯ ІЗДЕСЕҢ



САРҚАНҒА КЕЛ!

Күз басталысымен «Jetisý» газетінің тілшілері ел аралап, халық арасындағы жаңалықтарды өз көзімен көріп, аудан-қалалардың әлеуметтік-экономикалық даму деңгейіне көз жеткізіп қайтатын әдеті. Осы дәстүрмен редакция тілшілері бұл жолы Сарқан ауданына ат басын бұрды. Аграрлы және туризмнің негізгі көзі болатын шұрайлы өңірдің тыныс-тіршілігіне көз жеткізу мақсатында ең бірінші аудан әкімі Ғалымжан МАМАНБАЕВПЕН жолығып, шағын сұхбат құрған едік. Осыған назар аударыңыз, оқырман.

– Ғалымжан Қанатұлы, ең бірінші сауалымызды Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың биылғы Жолдауында тапсырылған 7 бағыттан бастасақ дейміз. Жолдауда өңірлерге инвестиция тартуды қадап айтты. Осы бағыт ауданда қалай жүзеге асуда?

– Иә, инвестиция – өңір дамуының негізгі капиталы. Биылғы жылдық жоспар бойынша 51 млрд. теңге. Айталық, өткен жылы облыс бойынша инвестицияны көп тартқан аудан Сарқан. Мәселен, 73 млрд. теңге көлемінде инвестиция келсе, соның 80 пайызы жеке инвесторлар. Биыл да 10 айдың көрсеткіші бойынша негізгі капиталға тартылған инвестициялар 24 млрд. 99 млн. теңгені құрады, нақты көлем индексі 77,2%. Жыл әлі аяқталған жоқ. Жеке инвестор есебінен 40 млрд. теңгені құрайтын ең үлкен жоба – «Екіаша» су қоймасы. Қазіргі таңда жобаның өзгеруіне байланысты жұмысы кешеуілдеп тұр. Жыл аяғына дейін алғашқы кезеңін іске қосады. «Екіаша» су қоймасы толығымен 2028 жылы аяқталмақ. Барлығы іске қосылған кезде Сарқан ауданының 11 мың гектар жеріне су жетеді. Бұдан басқа, шағын инвестицияларымыз бар. Бір сөзбен айтқанда жыл аяғына дейін жоспарды орындаймыз.

– Ауданда өндіріс саласында қандай жаңалықтар бар? Өндіріс ошақтары ашылды ма?

– Сұрағыңыз орынды. Бізде ең ірі өндіріс орнының бірі – сүт өнімдерін өңдейтін зауыт. Одан бөлек, өзіңіз білесіз, өткен жылы сізбен сұхбаттасқан кезде жүгері кептіру цехын ашамыз деп уәде еткен. Бұл жұмыстар атқарылды. Ресей және Қытай елінен жүгері мен бұршақты кептіруге арналған автоматты қондырғы қойдық. Олар қыс бойы жұмыс істеп, шаруашылардың өнімдерін кептіріп, халыққа қалтқысыз қызмет етті. Бірақ биылғы көктемнен бастап жұмысын уақытша тоқтатып тұр. Оның да себебі бар, шаруалар жүгерінің тұқымын өзгертіп, ылғалдылығы аз болатын тұқымды сепкен. Алдағы уақытта ол өндіріс орындары басқа бағытқа ауысуы мүмкін. Бұдан бөлек, күнбағыс майын шығаратын және соя өңдейтін зауытымыз бар. Өнімдеріне сұраныс өте көп. Ауданға үлкен кіріс әкеліп отырған осы ірі өндіріс орындары. Ұсақ өндірістер де шетінен ашылып жатыр, олардың да өңірге қосқан үлесі көп және аудан тұрғындарын жұмыспен қамтып отыр.

– Экономиканың негізгі салаларының бірі – туризм. Сіз басқарып отырған аймақтың туризмді дамытуға әлеуеті зор. Осы жұмыстарға тоқталсаңыз?

– Шындығында Сарқан ауданы туризмнің қайнар көзі десек артық айтпаймыз. Тауымен де, суымен де мақтана алады. Ең бірінші – Балқаш көліне келейік. Бүгінде жолы толықтай бітті. Енді демалушыларға қолайлы жағдай туғызу мақсатында үлкен жұмыстарды атқарып жатырмыз. Дәл қазіргі уақытта Алматы қаласындағы жобалаушылармен бірлесіп көл жағасына мемлекеттік үш коммуналдық жағажай салуды жоспарлап отырмыз. Жобамызды облыс әкімі қолдады, келесі жылдың бюджетіне ақша бөлетін болды. Ол жерде ең бірінші автотұрақ, Арбат, екі шетіне тамақтанатын орындар және әкімшілік ғимараты бой көтермек. Одан да бөлек, демалуға келгендерге көңілді кеш сыйлау мақсатында амфитеатр, би кешін өткізу алаңы секілді және қауіпсіздікті сақтау мақсатында құтқарушылар мен полиция жұмыс істейді. Міне, Балқаштың жағасы кезек-кезеңімен осылай дами бермек. Енді бізде таулы аймақ өте көп. Біз тағы да Жасылкөлімізбен мақтана аламыз. Қазір оған баратын жолдың жиырма шақырымын дайындап қойдық. Келесі жылы ағыны қатты өзеніне көпір салып, көліктер Жасылкөлдің жағасына дейін жетуге мүмкіндік туғызамыз. Тополевка ауылында «Visit орталығы» ашылған. Орталықта сегіз бағыт белгіленген, келген адам өзіне керекті бағытты таңдап, табиғаттың таңғажайыбын тамашалап қайтады. «Жаныңызға сая іздегіңіз келсе Сарқанға келіңіз!» деп айтар едім. Өйткені нағыз туризмнің отаны – саялы Сарқан.

– Енді руханиятқа ауысайық. Баспасөзге деген көзқарасыңыз қандай? Сіз газет оқисыз ба?

– Біз жастайымыздан газетпен көз ашқан ұрпақпыз. Оны сенімді түрде айта аламын. Республика, облыс, аудандағы болып жатқан жаңалықты газет бетінен оқығанды ұнатамын. Онда толық және нақты деректермен беріледі. Тіпті халықпен кездесуімде үнемі тұрғындарды әлеуметтік желідегі жалған ақпаратқа емес, газеттердегі мақалаға сенуге шақырамын. Жалпы аудандағы қызметкерлерден бастап қарапайым тұрғындарға дейін бес газетке міндетті түрде жазылу керек. Олар: «Egemen Qazaqstan», «Казахстанская правда», «Jetisý», «Вестник Жетісу» және аудандық «Сарқан» газеті. Міне, осы бес газет те жұмыс үстелімде міндетті түрде тұрады.

– Сұхбатыңызға рахмет!

Сұхбаттасқан Ришад ТҮРҒАНБАЙ

Еңдік КЕНЕБАЙ,
«Jetisý»



ТАБИҒИ ЛАНДШАФТЫ САҚТАЛҒАН САЯБАҚ

Облыста табиғи ландшафты сақталған саябақ барын бірі білсе, бірі білмес. Ол – саялы Сарқандағы «Қойтас» саябағы. Жол түссе міндетті түрде барып, көзбен көріп, бір демалып қайтатын-ақ жер екен. «Мың рет естігенше, бір рет көр» деп біз де сол маңға ат басын бұрдық.

Саябақтағы қойтастар – табиғаттың ерекше бір сыйы. Өртүрлі пішіндерімен ерекшеленіп тұратын тастарға қарасаңыз, құдды кең жайлаудың етегінде жайылып жүрген қойларды көргендей боласыз. Сондықтан да бұл тастарды сарқандықтар Қойтас атап кеткен. Бұндай қойтастарды тек Сарқан ауданынан ғана кездестіруге болады.

Сарқырап ағып жатқан Сарқан өзенінен өтетін аспалы көпір арқылы аумағы 6 гектарды құрайтын «Қойтас» саябағына аяқ басасыз. Кіреберісінде өзен жағалауымен оң және солға жүретін «Денсаулық» жағажайында арнайы серуен алаңы жасалған. Демалыс орнына «Жоңғар Алатауы» мемлекеттік ұлттық табиғи паркінде өсетін әдемі ағаштар отырғызылып, оны мекендейтін жануарлардың мүсіндері де орнатылған.

Жаяу жүргіншілер жолы, скейтборд, балалар мен спорт алаңдары, орындықтар, беседкалар, субұрқақ, жарқыраған шамдар саябақ ішіне ерекше сән беріп тұр. Бейнебақылау камералары да орнатылған. Мұнда түрлі мәдени-бұқаралық, мерекелік іс-шара өткізуге арналған 400 адам сыятын амфитеатр да бар.

– «Таза Қазақстан» бағдарламасы аясында «Қойтас» саябағында 1100-ге жуық қарағай, туя, көгілдір шырыша және басқа да ағаш түрлері мен бұталар отырғызылды. Жалпы саябақта екі шолу алаңын салдық. Оның біреуі саябақты, екіншісі Жоңғар Алатауын көруге мүмкіндік береді. Екінші шолу алаңы таудың фонында фотосуретке түсетін аймақ ретінде де танымақ. Жалпы біз өңірге туристер тартуда «Жоңғар Алатауы» ұлттық паркімен бірлесіп жұмыс істеп келеміз. Алдағы уақытта Сиверс алмасын отырғызсақ деген жоспар бар. Тұтас алғанда бұл жер болашақта шағын ботаникалық баққа айналады. Саябақтың сұлулығын тамашалау үшін үшінші шолу алаңын салып жатырмыз. Демалушылар үшін парк аумағында кәсіпкерлер арнайы сауда нүктелерін де қарастырған. Бірақ біз кәсіпкерлерге ішімдік сатуға болмайтынын айтып, қатаң талап қойдық. Бұл табиғи саябақ арқылы еліміздің мәдени байлығын, толымды тарихын ұрпақтан ұрпаққа жеткізуіміз керек, – дейді Сарқан қаласының әкімі Амантай Орынбеков.

Саябаққа жануарлардың, ұлттық аспаптардың, ертегі кейіпкерлерінің мүсіндері, жалпы саны 11 кіші архитектуралық форма қойылған. Жасыл желектің жайнап өсуі үшін тамшылатып суару жүйесі іске қосылған. Келер жылы үлкен автотұрақ салу және жыл бойы пайдаланылатын сығанақ салу жұмыстары қолға алынбақ.

Бос уақыттарында саябаққа асығатын ауданның жалынды жастары осындай заманауи саябақ салып, жастарға көңіл бөліп жатқан басшыларға алғыс айтып, саябаққа тағы да бейнекамералар орнатса деген тілектерін жеткізді. Жергілікті атқарушы орган бұл ұсыныстілкті қабылдап, алдағы уақытта жүзеге асыратындықтарын айтты.

Саябақтың ең құнды дүниесі – тастары. Тұрғындар қойдай болған тастардың жатқанына ғасыр болды деседі. Біз табиғаттың ерекше сыйы күні бүгінге дейін қаз-қалпында сақталғанына қуандық.

ЭЛЕКТР ЭНЕРГИЯСЫ АРТУДА

«Жасыл энергетиканы» одан әрі дамытуға және өзімізде өндірілетін электр энергиясы көлемін ұлғайтуға облыстың табиғи-климаттық жағдайы өте қолайлы. Осы орайда облыста жаңартылған энергия көздерінің төртеуі Сарқан ауданы аумағында орналасқан. Басқан өзенінде, Екіаша ауылы маңында орналасқан шағын гидроэлектростансының біріне болып, жұмыс барысымен танысып қайттық.

«ГеологСтрой» жауапкершілігі шектеулі серіктестігінің жоба жетекшісі Алий Карабалин «Baskan Power» ЖШС-нің 10.6 МВт болатын «Басқан ГЭС-2» және 4.3 МВт болатын «Басқан ГЭС-3» жұмысымен таныстырды. Оның айтуынша, электр қуатының өндірісі жыл сайын артып келеді. Су электр стансысын басқару жүйесі тұтастай автоматтандырылған. Нысандар заманауи құрылғылармен толықтай жабдықталған.

«Baskan Power» ЖШС-інде шамамен 90 адам жұмыс істейді. Олардың барлығы – жергілікті тұрғындар. Соның бірі – күзет қызметінің басшысы Қанат Қаймақбаев. Ол: «Ауылдағы ағайын үшін жұмыс көзі ашылғаны үлкен қуаныш. Осы уақытқа дейін такси жүргізушісі болып еңбек етіп жүрдім. Үйдегі азын-аулақ малды да бағып, қақтық. Қун ұзақ көлік тізгіндеу де оңай емес. Солай жүргенде алыстан емес, дәл ауылдан жұмыс та табыла кетті. Нысанды күзету үшін ауысыммен 12 ауылдасым жұмысқа тартылды. Еңбекақымызды уақытында аламыз. Ешқандай қиындық жоқ. Тек жауапкершілікпен өзімізге жүктелген жұмысты істесек болғаны. Ең бастысы – еліміз тыныш болсын», – деді.

Екіаша ауылдық округінің әкімі Дәулет Дюсенбековтің айтуынша, ауылда 3 мыңға жуық тұрғын бар. Елді мекен халқы негізінен егін салып, мал өсіреді. ГЭС жұмысын бастағалы жергілікті азаматтар тұрақты жұмысқа орналасып, табыс тауып отыр. Аталған гидроэлектростансы маңайдағы бірнеше елді мекенді электр қуатымен қамтамасыз етеді. Инвестор компания «Baskan Power» ЖШС өз қаражатына елді мекенге бау-бақшалық су жеткізетін «Әлімбай», «Қайран» каналдарының 37 шақырымын жаңғыртып, 7 шақырым ауылшілік жолға жөндеу жұмыстарын жүргізген. Үнемі қайырымдылық шараларына атсалысып, ауылды көркейтуді ісіне де білек сыбана кіріскен жауапкершілігі шектеулі серіктестік басшылығына ауыл тұрғындары дән риза.



БАЛМҰЗДАҒЫ БАЛДАЙ

Сүттен жасалған балмұздақты бәріміз білеміз. Ал саумалдан жасалғаны ые? Сіз естімегенсіз бе? Олай болса, мақалаға көз жүгіртіңіз.

Қытай Халық Республикасының Күнес ауданынан 2019 жылы көшіп келген Райгүл Зәкәрияқызы көпшілікті балмұздағымен таңғалдырып жүр. Енді ол ұлттық сусынды өңдеп, өскелең ұрпақтың денсаулығын нығайтатын жаңа кәсіп ашуға ниетті.

Райгүл Зәкәрияқызы күніне бес уақыттан 3 бие сауады. Жакын елді мекеннен келіп саумал ішетін жұрттың қарасы қалың. Тіпті арнайы Алматы, Астана қалаларынан да тапсырыс түседі.

– Ұлттық сусыннан балалар да нәр алып қуаттансын деген оймен саумалға кілегей, бал қосып балмұздақ жасадым. Балаларыма қатты ұнады. Жақындарыммен де бөлістім. Қысқасы, «Балалардың тамағы» деген жоба ойлап, кәсіп ашуға ниеттеніп, байқауға да қатыстым. Дүкендегі балмұздақтың жүз есе пайдалы өнімді жас ұрпаққа беруіміз керек. Себебі ұрпақ саулығы – ең басты мәселе, – дейді кәсіпкер.

Отбасы бұл кәсіпті сексеннің сеңгіріне шыққан Данышпан қарияға саумал сауып беруден бастаған. Кейін бие санын арттырып, ірі қара да алады. Қазір бұл отбасы ауыл тұрғындарына қымыз, құрт, май, ірімшік сатып нәпәқасын айырып отыр.

Райгүл Зәкәрияқызы ісін өркендету үшін «Бір ауыл – бір өнім» жобасына екінші жыл қатарынан қатысып, биыл жартылай финалға өтті. Жемімпаз атанса кәсіпкер ретінде тіркеліп, шағын цех ашып, ұлттық асты дәріптемек. Олай болса, ата басылым атынан жас кәсіпкердің ісіне береке тілейміз.





✓ БАҚТЫБАЙ ЖОЛБАРЫСҰЛЫ – 190

Бақтыбай айтысқанын алысқа ұзатпай «алып та, шалып та» жығатын зор шебер және өзіне дейінгі, өзімен тұстас жыр алыптарынан үлгі алып, ақындық шеберлігін ширата, дамыта, көркемдік биігіне жеткізе білген ақын. Оның сыры, біріншіден, алдындағы айтыскер ақындардың асыл қасиетін бойына дарыта білсе, екіншіден, солардың жеткен жетістіктерін зеректікпен байыптап, байқап, бағалап, дамыта, ширата білгендігінде. Сонымен қатар ол – бойына сіңірген суырыпсалма айтыскерлік, жыршылық, әншілік, күйшілік тағылымдарды шашау шығармай дамытып, өзінен кейінгі өнер қуған ақындарға, жыршыларға, әншілерге, күйшілерге өнеге, үлгі ретінде жеткізе білген ұлағатты ақын. Сүйінбай, Түбек, Арыстан, Жамбыл, Әсет, Жүсіпбек қожа, Уәйіс секілді тарландармен, Тезек төре, Мәйке, Бәйімбет, Қыпшақбай секілді майталмандармен айтысқа түсіп, сөз қағыстырған қазақтың заңғар ақындарының бірі және бірегейі. Оның жасынан ән-жырға, айтыс-дастандарға деген қызығушылығы, ерекше дарыны оны тек қана шебер айтыс ақыны ретінде қалыптастырып қоймай, өз заманының керемет әншісі, күйшісі, жыршысы ретінде де баулып өсірген.

Оның бір ғана дәлелі бүгінгі күнге жеткен «Бақтыбайдың желдірмесі», «Шабыт», «Жарыс», «Қаратал» және т. б. ән, күйлері, «Едіге-Нұран», «Қыз құлаған», «Төрт өнерпаз», т.б дастандарының бізге жетуі.

Бақтыбай өзі айтқандай «Жел қобыз, желге мінген» нағыз ақын, әнші, жыршы. Оның өлең-жырын, дастан-айтыстарын, ән-күйлерін, ұрпақтан ұрпаққа жеткізіп отырған халық оның мұраларының құндылығын жақсы түсініп, шамалары жеткенше көзінің қарашығындай сақтап отырған. Бақтыбай өлеңдері әртүрлі тақырыпта келеді. Өзі өмір кешкен дәуірдің шындығымен шындалған, тыңдаушы санасын бейжай қалдырмайтын шырайлы дүниелер. Әр шығармасының өне бойында байыппен адалдық, ынтымақ, теңдік, достық, жамандыққа төзбеушілік, қиын тұрмыстың қыры мен сыры, кейбір адамдардың озбыр әрекеті жыр өзегін құрайтынын көреміз. Тезек төренің қаңарынан сескенбеген жас ақын кедейліктен, жоқшылықтан, теңсіздіктен тұралаған өзінің ғана емес, елінің мұң-мұқтажын ашық айтып, әр айтысындағы жыр жолдарын әділдікпен өрген, сөйтіп озбырлықты, зорлықты әшкере-леген. Қай ақынмен жыр додасына түссе де ұшқыр ойды көркем тілмен безендіре, түрлендіре құлпыртып, ұрымтал тұсын дәл басады. Сөзінде өрлік, үстемдік басым болып келеді. Талай жыр жекпе-жегінде уәжді деректерді қалқан етіп, сөз семсерін мезгілінде батыл қолданудың арқасында жеңіске жетіп отырғаны ақынның осы қасиетінің арқасы болса керек.

Бақтыбай Жолбарысұлының шығармалары кейінгі жылдары ғана толық жинақталып, әр басылымда жаңадан табылған өлең, толғау, айтыстары қосылып жарияланып жүргенімен оның есімі, шығармалары «Қазақ әдебиеті тарихынан» ертерек орын алып, назарға ілініп, академиктер, профессорлар М. Әуезов, С. Мұқанов, Е. Исмаилов, Р. Бердібаев, С. Дәуітов секілді ғалымдар, О. Исмаилов, М. Ысқақбаев, Ұ. Доспанбетов секілді жазушылар ол туралы пікірлерін білдірген.


Өз дәуірінің өрен жүйрігі суырыпсалма ақындық өнерін шашасына шаң жұқпаған жыр сүлейі Сүйінбайдан қабылдап, Жамбыл секілді ұлы жырауға, суырыпсалма ақынға тапсырған, атағы алысқа кеткен, айтыстарымен талайдың сусынын қандырған Жетісудың жыр жүйрігі. Қазақ халқы: «Ұстазы жақсының ұстанымы жақсы» дегенді бекер айтпаса керек. Ол өзінің ұстазы, «Ұлы жүзде бас иген тамам ақын» деп Кенен жырлаған Қабан жырауды пір тұтқан. Майлықожа, Құлышпақ, Бодау, Сүйінбай, Құлмамбет, Майкөт, Түбек, Әсет, Арыстан, Уәйіс ақындар мен әншілердің шығармашылығы Бақтыбай өмірінде зор әсері болғаны оның айтыстары мен өлеңдерінде нақты көрініс тапқан.

Жастайынан жетімдіктің зардабын тартып, мал соңында жүрген бала ақындыққа өте құштар болып, талантты ерте оянады. Жүрген жерінде аңыздарды тыңдап, өз айтыстарына таптырмас дерек іздей жүріп, ел тарихын құлағына құяды. Оның көптеген айтыста жеңіске жетуінің бір себебі осы алғырлығынан болса керек. Ақын өлеңдерінің біразы жары, әрі айтыстағы қарсыласы Мәйкеге арналған. Мәйкенің талантына, сұлулығына тамсанған ақын оны жоғары көтереді. Осылай жыр арнаған өмірлік қосағы Мәйке Бақтыбай қайтыс болған соң біраз жоқтау өлең шығарып, жарының ақындық тұлғасын жан-жақты ашып берген.

Бақтыбай мен Мәйкенің айтысы, одан кейінгі тағдырлары ақын-жыршыларға Мәйкенің осы жоқтау өлеңі арқылы жеткен тәрізді. Бақтыбайдың елден ерек әнші, танды таңға қосып жырлайтын дастаншыл жыршы болғанын алғаш айтқан да жары Мәйке еді.

XIX ғасырда жыраулық поэзияның сарыны әлсіреп, аясы тарылғанмен елдің қамын ойлайтын, оның арман-мүдделерін ту етіп көтеретін, бойында намыс оты жалындаған ақындар аз болмады. Сондықтан Бақтыбайдың Тезек төре ордасына келіп, ойындағы пікірін ашық айтуы кездейсоқтық емес, ежелден келе жатқан ақындық дәстүрдің жалғасы.

Өз заманында Сүйінбай пір тұтқан, Жетісудың суырыпсалма ақындары бас иген Кабылиса Асанұлы жыраудың талантты ізбасары, жыр Жамбылға бата берген, XIX ғасырдың тіліп түсер шар алмасының бірі – Бақтыбай Жолбарысұлы. Жетісу өлкесінің суырыпсалма ақындық өнерінің дара тұлғасы, талай дастанды нақышына келтіре жырлап, өзі де бірнеше қисса, дастан шығарған жыршы, «Жалайырдың жел жетпес жүйрігі» атанған суырыпсалма ақын, әнші, күйші Бақтыбай Жолбарысұлының қазақ әдебиеті мен мәдениеті тарихында алатын орны ерекше.



Осы кезге дейін Бақтыбайдың айтылмай келген қасиетінің бірі – әншілігі. Артында әндерін, айтыс мақамдарын жете игеретін шәкірттері болмаған соң ақынның тек өлең, толғау, айтыс-дастандарының мәтіні ғана жинаушылар көмегімен сақталып қалған. Әндерді, мақамдарды жеткізу тек музыкалық қабілеті бар адамдар арқылы ғана іске асатындықтан және Бақтыбайдың музыкалық мұраларын жоқтаушылар аз болғандықтан олардың көбі сақталмаған. Солай бола тұра Бақтыбайдың кей әндерін, күйлерін сақтап қалған бірлі-жарымды адамдар болған. Сондай-ақ оның әншілігі туралы, Әсет, Уәйіс секілді өз заманының жезтандайлармен араласуын аз да болса осы деректерге сүйеніп айтуға болады.

Алдаспан ақынның мұраларын жинап, кейінгі ұрпаққа жеткізген Нұржігіт Жүнісбеков қария Бақтыбай Тезек төремен айтысқанда он алты түрлі мақамға салған екен деген естелік айтады. Бақтыбайдың ақындығымен бірге жыршы, әнші, күйші болғаны туралы жезтандай әнші Жәнібек Кәрменов: «Жетісу жерінің жезтандайы атанған Бақтыбай ақынның ел ішінде он алтыға тарта күйі тартылып жүр», – деп жазған еді.

Ол әр айтыстың алдында домбырасына ерік беріп, есілтіп күй тартып, өзін-өзі шабыттандырып, толғамды, толқынды, дауыл сарынды саздарды төгіп, алай-түлей арындатып алады деген аңыздар да бар. Бұл ретте ол Сүйінбайға ұқсайды. Бақтыбай Қыпшақбаймен айтысында Құнанбай, Абай, Шәкәрімді жақсы білетінін көрсетеді. Сонымен бірге, сұлу жырдың сүлейі Сүйінбайды ерекше сыйлап, оның әділдік, батылдық, шыншыл қасиетін кәдірлеп, оған кездескен кезде керемет інілік, кішілік ізет көрсетеді. Сөз сынайына қарағанда Сүйінбай да талантты суырыпсалма ақын інісі, нағашысымен ұшырасқанына шынайы ризалығын білдіреді.

Қабылиса жыраудың ізбасары Қатаған, Арыстанбек секілді қырғыздың төкпе ыршыларымен, Қантарбай, Майлықожа, Жантай секілді қазақтың суырыпсалма ақындарымен айтысып, Тезек төремен тайталасып, атын алты Алашқа мәлім еткен Сүйінбай салған сара жолды аузымен құс тістеген, айтыста асығы алшысынан түскен Бақтыбай жалғастырған,

Бақтыбай шығармаларының ішінде өзінің мәнділігімен, халықтың арасына кең тарауымен ерекше көзге түсетіні оның Тезек төремен кездесіп, диалогасы. Айтыс – әлеуметтік мәні жағынан екі ақынның сұрақ-жауабы, сөз

жарыстыруы ғана емес, екі биік ақындық тұлғаның бір-бірінен өзін жоғары қоюға тырысушылығы, суырыпсалма ақындық өнерін жарқыратып көрсете білуге ұмтылуы десек, Бақтыбайдың Тезек төремен айтысынан осы қасиеттерді көреміз. Ақынның Тезек төреден қыруар дүние сұрауы ол тілемсектік емес, сөзге тарту, өзінің ілетін жерін іздеу. Бұл әдіс Сүйінбайдың Арыстанбекпен айтысында да қолданылады.

Бара салып бас салу, жөні жок тиісе кету шебер ақында бола бермейді. Мақтап отырып мақтамен бауыздау, сұрап отырып сөзге тарту, сондай-ақ қарсыласын немесе оның жанашырын мақтау – айтыскер ақынның айла-тәсілінің бірі.

Бақтыбайдың Тезек төремен, Түбекпен, Қыпшақбаймен, Мәйкемен сөз жарыстары кезінде саяси, жеке көзқарастар себебінен түрліше талданып, өзгертіліп келді. Осы айтыстардың бәрінде де Бақтыбайдың жеңісін көргенімізбен оның қарсыластарының шын таланттық тұлғалары ашылмай бір жақты, яғни жеңілуге дайын тұрған ақындар есебінде көрсетілді.

Бақтыбайдың айтыскерлік қасиетін шыңдап, көпке танылуына көп еңбек сіңірген адам Бодау ақын екенін және Бақтыбайдың сөбелі алғашқы айтысы осы Бодау ақын арнайы ертіп барып, Арқа жерінің ақындарымен айтыстырған айтысы екенін айтып өтуіміз керек. Шындығында Бодау Бақтыбай ақынның баптаушысы болғанын, оны үлкенді-кішілі айтыстарға ертіп жүріп қатыстырып, ақыл беріп, ширектіргенін Бақтыбайдың Арқа ақындарымен болған айтысынан көреміз.

Сүйінбай Тезек төремен 1850 жылы сөз жарыстырса, Бақтыбайдың Тезек төремен айтысы 1861 жылдары өткен. Бұл Тезек төренің түрмеге түсіп, аға сұлтандығы аяқталуға төрт жыл қалған, Бақтыбайдың Сүйінбайдан соң он жылдан кейін Тезек төреге келіп отырған кезі. Осы сапар Бақтыбайдың ақындық даңқын бүкіл Жетісу өңіріне әйгілі еткені белгілі.

Бақтыбай Тезек төреге барған кезге дейін Тезек Түбек, Бәйімбет, Құлмамбет, Сүйінбай, Назым, Нарманбай секілді ақындармен сөз қағыстырып, ақын деген аты болмаса да, суырыпсалмалығы ширап, қалыптасқан сөз иесі еді. Негізінен Бақтыбайдың Тезек төремен сөз жарысын бұрын талдаған зерттеушілердің көпшілігі Тезек төре мен Сүйінбай айтысын талдау соқпағынан шыға алмай, Тезекті жамандау, Бақтыбайды мақтау

сарынына түсіп кете берген. Бақтыбай мен Тезек төренің сөз қалпығысын терең түсіну үшін Тезек төренің өмір тарихы, қызметі, оның қазақ халқының ұлы ғалымы Шоқанмен қатынасы, сол кезеңдегі Жетісу өлкесінің тарихын білу де керек.

Бақтыбай түскен сөз додасының ішінде екі айтыстың өзіндік ерекшелігі бар. Ол Бақтыбайдың әншілік өнерінің куәсі секілді Әсет пен Уәйіспен айтыстары. Бұл айтыстардан да Бақтыбайдың Абайдың ақындық мектебінің өкілдері Шәкәрім, Әсет, Уәйістермен жақын араласқанын, Абайдың шығармашылығынан хабары болғанын көрсетеді. «Желде жүйрік, жез тандай, жел қобыз» Бақтыбай ақынның Мәйке қызбен айтысының бізге жеткен төрт нұсқасы бар. Олар халық ақыны Қ. Жапсарбаев, Е. Ақжолтаев, Е. Сексенбаев, Ф. Ғабитова, Д. Төлебаев тапсырған «Бақтыбай мен Мәйке қыз», «Бақтыбай мен Мәйкенің үйленген соң айтысқаны», «Бақтыбай мен Мәйке отбасында айтысқаны», Бақтыбай мен Мәйке» деген нұсқалар.

Жастайынан ақындық өнері елге жайылған, жалындап тұрған, Жалайырдың Сұпатай атасы руынан дара суырылып шыққан Мәйке Бәйгөзқызы Көксу ауданына қарасты, Жаршапқан (Талапты) ауылынан алыс емес, «Шаңырақтың аузы» деп аталатын жерде қоныс тепкен, беделді әулетте 1858 жылы дүниеге келіп, 1932 жылы қайтыс болған. Жерленген жері Өтенай ауылының қасындағы Бақтыбай жатқан қорымда, Бақтыбайдың қасында.

Мәйке Бәйгөзқызы Бақтыбаймен он жеті жасында өзі іздеп келіп айтысқа түскен. Бұл кезде Бақтыбай 40 жаста еді. Ақындығымен елге ерте танылған Мәйке, он екіде бір гүлі ашылмаған жас қыз Бақтыбайдай адуын ақынды іздеп келіп, атағы шыға бастаған Бақтыбаймен айтысып, өз атын шығаруды, ақындық жолға түсуді ойлайды. Бұл – нағыз ақынның, өнерлі, ерен жүйрік, өршіл жанның ғана қолынан келетін мінез болғаны анық. Жан дүниесі жастайынан өлең-жырға тұнып, бусанып, буырқанып жүрген Мәйке өзінің тұлға бойындағы тулап жатқан ақындық шабытты айқын сезінген. Жалпы Мәйкенің аты Бақтыбаймен айтыстарына ғана байланысты айтылғанымен ол кейін Найман Төребай ақынмен сөз қағыстырып, Бақтыбай өлгенде және кейін жоқтау айтқан, біраз өлең шығарған.

Бақтыбайдың дарыны сарапқа салынған, қазақтың игі жақсыларының алдында қамшы салдырмай көрсеткен жыр жарысы Арғынның атақты ақыны, Омбыны мекен қылған Қыпшақбаймен Семей уезіне қарасты, Ұржар қаласында өткен айтысы. Бұл айтыстың өту тарихы туралы бірнеше дерек болғанымен олардың көпшілігі әртүрлі оқиғаны қамтып, шындықтан алыстап кететін кездері де бар.

Бақтыбайдың ақындығы дүркіреп тұрған шағында, Қаратал мен Аягөздің бойын жайлаған Жалайырлар мен Қоқан шапқыншылығынан ығып келіп, бірге көшіп-қонып жүрген Шапыраштылардың, оның ішінде Жалайырдың жиені Сүйінбайдың Қордайға жақын көш түзеуі және Сүйінбайдың ел ісіне белсене араласуы айтыстағы алдына үлгі тұтар, жыр толғаса шабыт берер Сүйінбайды Бақтыбайдан алыстатып тастаған еді. Бақанақтың бойындағы Жалайырдың Байшегір атасының елінде ұлы дүбір асқа Сүйінбай келе жатыр деген хабарды естіп, Бақтыбай арнайы келеді. Бұл кезде қарттыққа шылбыр ұстатқан Сүйінбай ақынмен кездесуінде:

Өлеңнің ұлы дария мұхитысың,
Жел сөзге кім пар келер желсеніңе, – деп түйген Бақтыбай Сүйінбай ағасына кереме баға береді.

Сүйінбайды өлеңнің ұлы дария мұхитына теңеп отырған Бақтыбайдың сөзі жағыну үшін жәй мақтау емес, жүрегінен шыққан шынайы жыры.

Бақтыбай жасы елу бестен асқан кезде, Жамбылдың жасы отыз беске келіп, атақ, даңқы енді шыға бастаған тұста кездескен Алматының, қырғыздың манайындағы той-жиыннан қалмай жүрген Жамбыл да осы жиынға келеді. Бірақ ешкімнің ойында күні бұрын Бақтыбай мен Жамбылды айтыстыру деген ой болмаған секілді.

Ол, біріншіден, жас ерекшелігі. Сөзді Бақтыбай бастап өзінің қандай ақындармен айтысқанын, атақ-даңқының алысқа кеткенін айтып ортаға ой тастайды. Бақтыбай реті келсе Жамбылмен айтысуға қарсы емес екенін де білдіреді. Себебі ақын деген сый-сияпат, алдына мал салу. Ол бар күн көрісі айтыс пен өлеңге байланған ақынға артықтық етпейді. Бірақ жалындап аты енді шығып келе жатқан Жамбыл айтыстың тарланы Тезекті, Арыстанды, Қыпшақбайды сүріндірген Бақтыбаймен, оның үстіне ұстазы Сүйінбай жоғары бағалаған Бақтыбаймен айтыса ма екен? Жамбыл айтысу емес, Бақтыбайдай ақынның батасын алып қалуға тырысады. Егер сөзім ұнаса, он батыңды берісің!

Қорыта келгенде айтарымыз, Бақтыбай Жолбарысұлы тек алдына жан салмаған суырып- салма айтыс ақыны, тандайына бүлбүл ұя салған әнші ғана емес, ежелден Жетісу өлкесінде Қабан жырау негізін салған жыраулық, жыршылық өнерді де дамытқан жыршы, тандайына бүлбүл ұялаған әнші, айтыстың көркін қыздырып, алты Алашқа аты шыққан дарынды да дара туған, артында өшпес мұра қалдырған ұлы тұлға.

Анарбай БҰЛДЫБАЙ,
профессор, Қазақстан Жазушылар одағының мүшесі



Ескелді, Көксу,
Қаратал аудандарында

БОЛЬШЕВИЗМ ЕЛЕСІ

немесе
зайырлы елде зарлы уақытты
кім аңсайды?

Ибн Синаны танымайтын адам жоқ. Артына мол мұра қалдырған сол ғұламаның «Қозы мен қасқыр» тәжірибесі жайында естіген боларсыз. Естісеңіз бірден түйсінерсіз, естімесеңіз баян қылайық. Ибн Сина екі қозыны алып, екі торға қамайды. Жемшөпті жеткілікті етеді. Бірінші «қоңырдың» жанына қасқыр тұрған торды қояды да, екіншісін табиғаты тамылжыған орынға жайғастырады. Арада біршама уақыт өткенде екі бірдей қозы екі бөлек қойға айналады. Қой үрейі қасқыр деген, жыртқыштың қасында орналасқаны жүні үр-пиіп, қоңсыз күйге түссе, табиғат ортасындағысы күйленіп шыға келеді. Психологиядағы еркіндік пен үрей феноменін айшықтаған тәжірибе біздің де санада бар. Қанша Алаш арысын қан қақсатқан, сол кездегі қазақ халқының тең жартысына жуығын зар илеткен большевизм, коммунизм десе, қасқыр көрген қойдай жиырылатынымыз бар. Өйткені біз емес, баба жұрт бұл идеологиядан әбден зәрезап болды. Дейтұрғанмен сондай большевизмнің ізі Ескелді ауданына қарасты Бақтыбай ауылында әлі күнге жойылмаған. Демек, қой арасында «қасқыр» әлі де бар деген сөз. Тарқатайық.

Дастанбек САДЫҚ,
«Jetisy»



Өлгі Бақтыбай ауылында «Большевик» деген сыра дүкені бар. Сыртында КСРО-ның айшықты нышаны болған балға мен орақ та тұр. Ал дүкеннің іші «қызылға» толы. Қызыл десе казекем «қан мен етті» елестетеді ғой. Бірақ қан емес, КСРО-ның туы мен қызыл түсті коммунизмнің символдарына толы. Бұл жайды ескерген соң дүкен иесімен сөйлеспек болдық. Сондағы

азамат, бәлкі, сатушы, мүмкін дүкен иесі, біз келгеннен агрессиялық кейіпте сөз бастады. Аты-жөнін айтуға қарсылық танытқанмен телефонына видео түсіріп әлек болды. Бәлкі, бізге док көрсетуді мақсат тұтты, болмаса жиі келген қоғам белсенділерінен мезі болған соң осындай қадамға барды. Онысы белгісіз, былапыт сөзге де бой алдырды. Мақұл дейік, жүйкесі сыр берген болар. Алайда, демократиялық қоғамда мұндай дүкен ашуға құқылы екенін, ешкім оның құқығын таптай алмайтынын жеткізді. Ол кісінің сөзі

жанды, демократия мен зайырлылық өркен жайған елімізде оның құқығы шектелмейді. Ерік өзінде. Дегенмен, маңайға құрметпен қарауға, өзгелерді құрметтеу де міндет. Себебі, жоғарыда айтқанымыздай, қазақ халқы да, Қазақстанға мәжбүрлі қоныс аударылған өзге ұлт өкілдері де құрмет көруге лайықты. Жоғарыда айтқанымыздай, өзгеге құрмет болу қажет. Мәселен, сол дүкеннің жанында мешіт бар. Ауылдың орталық мешіті. Мұсылмандардың мінежат үйі дүкеннен кейін салынған. Десе де, бұл қоғамдық бәм мұсылмандар үшін қасиетті орын. Оның үстіне спирттік өнім Ислам үшін қасиетсіз зат. Демек, дүкен иесі көпшіліктің наным-сеніміне де құрметпен қарағаны абзал. Большевизм орнаған тұста қызыл әскер қазақ даласындағы мешіттерді әскери нысанға, тіпті, әскерилер мінген жылқы тұратын қораға айналдырған. Мұны да назардан тыс қалдырмау керек.

Бақтыбай ауылының әкімі Айдос Қасиев бұл жайдан хабардар екенін жеткізді. Дүкенді бұл маңнан көшіруге тырысқанын, иесінің қарсы емесін де алға тартты. Дегенмен, бір гәп бар, кәсіпкердің сауда нүктесі орталықта орналасуы керек екен. Оған ауыл орталығынан жер тауып беру де қиынға

түспейді. Әдеттегі әкімдердің сөзіндей жауап қатқан Айдос Қасиев бар мүмкіндікті қарастырып жатқан көрінеді. Ғимарат салуға жер қарастырап, сауда ғимараты салынар, бірақ атауы қандай болмақ?! Ол жағы беймәлім, дүкен иесі эмоционалды әрекетіне ие бола алмаған соң жоспарын да айтпады. Кәсіп істеген жанға шектеу қоюға, жұмысына кедергі келтіруге бізде мақсат та, мүдде де жоқ. Алайда, атауынан ат түгіл адам үркетін дүкен аты өзгерсе деген тілек бізде. Себебі, сол маңайдағы жиырмаға жуық адаммен сөйлестік. Тілеуі де, тілегі де бірге. Иmandылық үйі маңында мұндай дүкен болғанын қаламайды. Мәселен Марат Батабаев спирттік өнімі бар дүкенге 100 пайыз қарсы. Айтуынша, құлшылық шаңырағы маңында мұсылманның тұрмысына қарсы дүниені сатуы орынсыз. Осындай олқылық үшін ауылдағы қоғам белсенділері дүкенге барып, басқа жерге көшуді ұсынған. Бейбіт, агрессиясыз, ортақ келісім үшін. Міне, дүкен иесінің бізді «ашулы» қабылдауының сыры осы екен.


1989 жылдан Бақтыбай ауылынан мекен тапқан Алдаш Сейділханұлы қандықол большевиктердің «үні» әлі өшпегеніне қапалы. Айтуынша, ата-бабасына қиянат көрсеткен идеологияның

«елесін» санасы таза тәуелсіз ұрпақ көрмеуі тиіс.

— Қазақ халқының арғы-бергі тарихы аласапыранға толы. Бірақ, коммунизм салған лаң сүйекке түскен таңба емес пе? Атауын басқаша атауға да болады. Ауылда өзге этнос өкілдері қазақша атаумен дүкен ашып жатыр. Солардан бұл да неге үлгі алмайды? — деді қария.

Алдаш ақсақалдың сөзін біз сөйлескен кісілердің бәрі құптайды. Гүлман Тұрсынқызы, Қуаныш Мәлікайдар есімді тұрғындар дүкен атауын өзгертуді қос қолдап қолдайтынын жеткізді.

Қызық мысал, Польшаның бір ауылынан фашизмнің эмблемасын ілген дүкен ашылса поляктар қалай қабылдайды? Әрине, қабылдай алмас. Себебі фашистерден алғаш зардап шеккен олар бірден атойлар. Тіпті, неміс жерінде фашизм дүниеге келсе де тап қазір свастика ілінген нысанға қуана қоймас. Сол сықылды большевизм қазаққа қуаныш сыйламады. Бейбіт жұртты қан қақсатқан жүйе ішкі күрсініспен еске түседі. Қазақ даласына шашылған өзге ұлт өкілдерінде де сондай сезім бар болар. Мұнымен айтпағымыз не? Қазақстан бірлік пен татулықтың Отаны. Сол татулық үшін, оны сақтау үшін жеке мүдде мен тұрмыстағы мақсатты құрбан ету қажет. Тілегі бір, тілеуі бір, мақсаты ортақ еліміз үшін.



Көксу ауданы – тарихы терең, табиғаты көркем өлке. Бірақ осы өңірдің Мәмбет ауылына аяқ басқан жан бір сәт өткен дәуірге тап болғандай күй кешеді. Себебі, ауыл ортасында кеңестік көсем Лениннің тас мүсіні әлі күнге дейін тұр. Тәуелсіз елдің төрінде кеңестік идеология өкілінің ескерткіші тұруы – бүгінгі күннің шындығына қаншалықты сай?

МӘМБЕТТЕН ЛЕНИН ҚАШАН КЕТЕДІ?

Санжар СҰЛТАНҒАЗЫ,
«Jetisy»



Мәмбет – еңбеккор жұрты бар, рухы биік ауыл. Дегенмен, кеңестік жүйенің көлеңкесіндей сақталған Ленин ескерткіші ел еңсесін түсіретіндей. Уақыт өтіп, заман өзгерді, бірақ бұл мүсін сол күйі қалып қойған. Кеңес дәуірінен қалған белгі қазір жәдігерге айналғандай, ал кей жұрт оны қасиет тұтып, алуға батылдары бармай жүргендей әсер қалдырады.

Ауыл тұрғыны Самат Тазабек бұл жайлы: — Ауыл адамдары ескерткішті алуға бірнеше рет әрекеттенген. Бірде техника істемей қалды, бірде кран жүргізуші өмірден өтіп кетті. Содан кейін жұрт осы ескерткішке тиіскеннің «жолы болмайды» деп қорқақтайды, — дейді.

Бұл оқиғалардан кейін ауылда ырымшыл түсінік қалыптасқан. Бірақ елдік сана мен рухани жаңғыру қорқынышка емес, парасатқа сүйенуі тиіс емес пе?!

Лабасы ауылдық округінің әкімі Тимур Кешуовпен тілдескенімізде:

— Ауыл тұрғындары тарапынан ескерткішке байланысты ресми шағым түскен жоқ. Әзірге наразылық болмаған соң ол орнында тұр. Егер жұртшылық ортақ шешімге келсе, мәселе қаралады, — деді.

Алайда ауыл ақсақалдары бұл ескерткішті сақтап қалуды емес, елдік санаға сай шешім қа

былдауды жөн санайды. Лабасы ауылдық округі ақсақалдар алқасының төрағасы Бақыт Уәлиев: — Егер рұқсат берілсе, өз күшімізбен-ақ алып тастаймыз. Ол шамамен 10 тонна болатын ауыр мүсін. Бұзуға батылы бармай жүргендер бар, бірақ одан не өзгереді? Көрші Қырғыз елі баяғыда-ақ мұндай ескерткіштерден арылып болды. Бізге неге ілгері баспасқа?! — дейді.

Расында да, рухани жаңғыру – нақты іс. Көксу жерінде Алаш арыстарының, ұлт батырларының, тәуелсіздік жолында тер төккен тұлғалардың аты ұлықталуы қажет емес пе? Лениннің мүсініне тағзым етуден гөрі қазақ рухын көтерген ерлерге ескерткіш қою – ұрпаққа өнеге болар іс.

Бұл мәселені көтеріп Көксу ауданы әкімінің орынбасары Абзал Зейнулдаға жолығып едік: — Бізге бұл жөнінде ресми өтініш келіп түскен жоқ. Арамызда коммунист болған ағалар бар, олардың еткен еңбегін жоққа шығара алмаймыз. Ескерткішке жылы сайын барып гүл қою дәстүрі де сақталған. Сондықтан бәрі өз уақытымен шешіледі, — деп қысқа қайырды.

Дегенмен, уақыт – тоқтамайтын күш. Ал сана уақытпен бірге жаңарып отыруы қажет. Кеңестік көсемге тағзым етуден гөрі тәуелсіздік тұғырын биіктету – бүгінгі буынның басты парызы. Тарихты өшіруден бұрын тарихтан сабақ алу маңызды. Бірақ ол сабақ өткеннің ескерткішін төрге шығару арқылы емес, ел рухын асқақтатып, болашаққа бағытталған іспен көрінуге тиіс.

КЕҢЕС ЕСКЕРТКІШІ КІМГЕ ҚАЖЕТ?

Қаратал ауданы, Үштөбе қаласының қақ ортасында әлі күнге дейін қазақ қоғамының жанына жат ескерткіш қасқайып Ленин мен Маркс бейнесі тұр. Бірі – жат идеологияның жетекшісі, екіншісі – сол жүйенің рухани тірегі. Ал біз солардың тас мүсінін Тәуелсіз елдің ортасында не үшін сақтап отырмыз?!

Бүгінгі Үштөбе – жаңару мен өзгеріс жолындағы қала. Бірақ дәл осындай өткеннің елесіндей, бодандықтың белгісіндей мүсіннің тұруы сана еркіндігіне көлеңке түсіріп тұрғандай әсер қалдырады. Кеңестік кезең тарих қойнауында қалды. Тарихты ұмытпаймыз, бірақ оны төрге шығару – тәуелсіздіктің рухына қайшы.

Иә, біз өз батырларымызды, өз көсемдерімізді ұлықтауға тиіспіз. Мәселен, Ахмет Байтұрсынұлы,

Әлихан Бөкейхан, Міржақып Дулатұлы, Тұрар Рысқұлов сынды ұлт арыстары неге Үштөбе төрінен орын таппасқа? Олар елдің азаттығы үшін өмірін сарп еткен шынайы ерлер. Солардың рухы ғана келешек ұрпаққа өнеге болмақ.

Осы орайда Қаратал ауданы әкімінің орынбасары Айбек Онғаровпен байланысқан едік:

— Ол қос мүсін паркте тұр. Алдағы уақытта саябаққа жөн-

деу жүргізілген кезде міндетті түрде алып тастаймыз. Арнайы техника жұмылдыратын боламыз, — деді.

Демек, бұл мәселе күн тәртібінен алыс емес. Тек уәде іс жүзінде орындалса болғаны. Өйткені, тәуелсіз елдің болашағы – өткеннің бейнесін емес, өз болмысын ұлықтағанда ғана жарқын болмақ.

Біз рухани тұрғыдан жаңғыруға ұмтылған халықпыз. Ендеше, жат идеологияның көлеңкесінде емес, Алаштың айбыны астында өмір сүрейік. Қасқайып тұрған жат мүсін емес, елге адал қызмет еткен өз тұлғаларымыздың бейнесі көрінсін Үштөбенің төрінен.

С. КӘКІМҰЛЫ





✓ КҮРЕТАМЫР



Тіл – адам мен адамды, ұлт пен ұлтты байла-ныстыратын ең қасиетті құрал. Әр халықтың өз ана тілі бар. Сол тілі арқылы ұлтының тарихын, мәдениетін, салт-дәстүрін, дүниетанымын ұрпақ-тан ұрпаққа жеткізеді. Сондықтан да тіл – ұлттың жаны, рухының тірегі.

Қазақ тілі сан ғасырлық тарихы бар бай мұра. Ол хал-қымыздың жүрегінен шыққан, ғасырлар бойы жалғасып келе жатқан асыл қазына. Ел Пре-зиденті «Қазақ тілі – ұлттың ұйытқысы» деп атап өткенін-

дей, мемлекеттік тілдің мәрте-бесін көтеру – баршамыздың азаматтық парызымыз. Бүгінгі таңда қазақ тілінің қолдану аясы кеңейіп, мемле-кеттік мекемелерде, білім мен ғылымда, мәдениет пен өнер

саласында кеңінен қолданылып келеді. Дегенмен, әлі де тілдің толыққанды дамуына кедергі болатын жағдайлар бар. Ол – тілге немқұрайлық таныту, өзге тілге еліктеу, тілді үйренуге салғырт қарау. Осындай олқы-лықтардың орнын толтыру үшін әр азамат қазақ тілінде сөйлеу-ге, жазуға, ойлауға талпынуы қажет. Өйткені тілге деген ұлы сезім өз халқына деген махаб-баттан бастау алады.

Ана тілімізді құрметтеу – елдігіміздің белгісі. Тіл тағ-дыры – ұлт тағдыры. Сондық-тан әрбір қазақ азаматы ана тілін шексіз сүйіп, оны сақтауға және дамытуға үлес қосуы тиіс. Сонда ғана қазақ тілі мәңгілік елдің сарқылмас қазынасына айналады.

Жанар РАЙХАНОВА,
Құрақсу ауылдық
кітапханасының
кітапханашысы

➔ *Ақсу ауданы*

✓ МАМАН МІНБЕРІ

САПАЛЫ ТҰҚЫМ – МОЛ ӨНІМ КЕПІЛІ

Қазақстанда және бүкіл әлемде халық санының қар-қынды өсуіне байланысты азық-түлік өнімдерін тұрақты өндіру қажеттілігі артып келеді. Азық-түлік қауіпсіздігін қамтамасыз етуде ауыл шаруашылығы дақылдарының, әсіресе халықты жыл бойы дәрумендермен және пайдалы заттармен қамтамасыз ете алатын көкөністердің ма-ңызы зор.



Бүгінгі таңда республика аумағында 20 миллион гектардан астам егістік алқап бар. Оның ішінде 1 370 гектары жылыжайлар мен қорғалған топыраққа тиесілі. Бұл жалпы ауыл шаруашылығы жерлерінің аз ғана бөлігі болғанымен, дәл осы қорғалған жерлер маусымға қарамастан жаңа піскен көкөністерді тұрақты өндіруді қамтамасыз етеді. Қорғалған топырақта (жылыжайда) өсімдіктердің саулығын және өнім сапасын қамтамасыз ету аса маңызды. Бұл үрдіс тұқым таңдау мен алдын алу шараларынан басталуы тиіс.

Сапалы тұқым таңдау – ауыл шаруашылығы маманының жасайтын ең маңызды инвестициясының бірі. Жоғары өну қабі-леті мен ауруларға төзімділігі бар сертифицикатталған тұқымдарды пайдалану өнімділікті арттыруға, пестицидтер мен тыңайтқыш-тарды пайдалану мөлшерін азайтуға, агрономиялық тәуекелдерді төмендетуге, тұрақты және экологиялық өндірісті қамтамасыз етуге септігін тигізеді.

«Сапалы тұқым қандай болуы керек?» деген заңды сұрақ туындайтыны мәлім. Біріншіден, сертифицикатталған тұқымның шыққан жерін, сорттық қасиеттерін және стандарттарға сәйкес-тігін растайтын құжаттар болуы керек. Екіншіден, ауруларға, құрғақшылыққа және зиянкестерге төзімді болады. Үшіншіден, қысқа мерзімде жоғары пайыздық өну көрсеткішін көрсетеді. Ең бастысы – сапалы тұқымда аурулар мен зиянкестер болмайды.

Тұқым сапасына көз жеткізудің сенімді тәсілінің бірі – ма-мандандырылған зертханаларға жүгіну. Атап айтқанда, елімізде Жазкен Жиёмбаев атындағы Қазақ өсімдік қорғау және карантин ғылыми-зерттеу институтының қабырғасындағы фитопатология зертханасы тұқымдағы патогенді микрофлораның (зиянды са-нырауқұлақтар, бактериялар және вирустар) бар-жоғын анықтау бойынша диагностика жүргізеді. Білімді де білікті мамандардан тұқымның себу сапасын тексеріп, аурулардан қорғау және өнім-ділігін арттыру мақсатында химиялық және биологиялық препа-раттармен алдын ала өңдеу бойынша кәсіби кеңес алуға болады.

Қазақстандағы заманауи аграрлық өндірістен тұрақты, қауіпсіз және жоғары өнім алу – тұқым таңдаудан бастап, аурулар мен зиянкестерге қарсы жүйелі алдын алу шараларына дейінгі кешенді көзқарасты талап етеді. Зертханалық заманауи әдістер егін егу науқаны басталғанға дейін қауіп-көтерлерді тиімді анықтауға мүм-кіндік береді. Ал дұрыс агротехникалық және санитарлық шаралар өсімдіктердің өсу кезеңіндегі тәуекелдерді азайтады. Осы ретте ғылымға, алдын алу шараларына және сенімді технологияларға бағытталған инвестициялар еліміздің азық-түлік қауіпсіздігін қамтамасыз етудің негізі болмақ.

А. ЖАМАЛБЕКОВА,
Жазкен Жиёмбаев атындағы «Қазақ өсімдік қорғау және карантин ғылыми-зерттеу институты» фитосанитарлық зертханалық талдау сынақ орталығының ғылыми қызметкері

Ғ. СӘРСЕНБАЕВА,
ауылшаруашылық ғылымдарының кандидаты
Алматы қаласы

ҚҰРЫЛТАЙШЫ:
«Жетісу облысы әкімінің аппараты» мемлекеттік мекемесі

Меншік иесі:
ШЖҚ «Жетісу Медиа» МКК

Басшы:
Шыңғыс БОЗЫМ
Басшының қабылдау бөлмесі: 40-20-71

Бас редактор:
Жұматай ӘМІРЕ

Газет Қазақстан Республикасы Ақпарат және қоғамдық даму министрлігінің Ақпарат комитетінде 2023 жылғы 13 ақпанда тіркеліп, № KZ44VPY00064518 куәлігі берілген.

Таралу аумағы: Қазақстан Республикасы

Мекенжайымыз:
Талдықорған қаласы, Жұмахан Балапанов көшесі, 28. Қабылдау бөлмесі — 40-20-64, жарнама бөлімі — 40-20-69, 8 775 355 89 58, 8 747 410 69 09.
Меншікті тілшілер:
Панфилов ауданы — 8-708-442-43-76, Сарқан, Ақсу аудандары — 8 701 779 19 38.
Газет табыс етілмесе — 8 (7282) 30-69-47 телефо-нына хабарласу керек.



Кезекші редактор: Серік ҚАНТАЙ

✓ ТӘРБИЕ – ТАЛБЕСІКТЕН

ҚОҒАМ, ҚАЙДА БАРАСЫҢ?

Соңғы уақытта ел ішінде мазаны қашырған бір ауыр көрініс бар – жастар арасындағы қатыгездік пен төбелес. Әлеуметтік желідегі бейнелер мен жаңалықтардан-ақ байқайсың. Кішкене өкпе-наз үлкен дауға айналып, ақыры пышақтасу мен атыс-шабысқа, тіпті өлімге апарып соғады. Бір сәттік ашу өмірлік өкінішке ұласып жатыр.



Санжар СҰЛТАНҒАЗЫ,
«Jetisy»



Қазақ ежелден сабыр мен парасатты серік еткен жұрт еді. «Жеті рет өлшеп, бір рет кес» дегенді өмірлік қағидасына айналдырған ел қазір неге осылай өзгерді?! Бұрын үлкеннің бір ауыз сөзі даудың түйінін таркататын. Ал қазір тілдің емес, жұдырықтың күші жүрген заман орнағандай. Бір-бірін жығып алып теп-кілеп, масаттанған жастарды көргенде жүрек сыздайды.

Қайран, қазақ! Бір ауыз сөзге тоқтаған, ел мен жердің бірлігін биік қойған жұрт емес пе едік?! «Қан төкпей-ақ сөзбен ұғынған халық» деген атақ қайда қалды? Бұрын жүгінгені ақсақал, тыңдағаны дана еді. Қазіргілердің «құлағына сөз емес, жұдырық өтетін» болғаны қынжылтады. Біреуді жығып алып, басынан тепкілеуді батырлыққа балайтындар пайда

болды. Бұл, әрине, батырлық емес, азғындық-тың нышаны.

Мұндай оқиғалардың артында қашанда көз жас пен қайғы жатады. Бір үйдің үміті сөніп, баласы темір тордың ар жағында, ал бірі мәң-гілікке қара жер құшағына кетіп жатыр. Ал қасіреттің салмағы бүкіл қоғамның мойнында.

Тәрбиенің тамыры үзіліп бара жатқандай. Үйден алған өнеге азайып, көше мен желіден үлгі іздеген ұрпақ көбейді. Бірі «бедел жи-наймын» деп бұзақылыққа барады, бірі ерлік пен әлімжеттік арасын айыра алмай қалады. Шын мәнінде, нағыз ерлік – білім мен еңбек-корлықта.

Бүгінгі заман білегіне емес, біліміне сенетін дәуір. Осыны түсінген жан ешқашан жолдан таймайды. Классик жазушы, сөз зергері Ғабит Мүсіреповтің: «Қазақтың оқуда кеткен есесі көп. Атаң үшін де оқы, әкең үшін де оқы, өзің үшін де оқы!» – деген сөзін ұмытпайық. Себе-бі, елдің ертеңі білімді де саликалы ұрпақтың қолында.

ХАБАРЛАНДЫРУ Қоғамдық тыңдаулар

«Қазақстандық өнеркәсіптік «Дайсен» компаниясы» ЖШС Жетісу облысы Көксу ауданының аумағында орналасқан «Далабай» ал-тын кен орнын игеру үшін тау-кен жұмыстары жоспарының жобасына кешенді экологиялық рұқсат алу үшін құжаттар топтамасы (ПНЭ, ПУО, ПЭК, ППМ, ПТН, рұқсат етілген физикалық әсерлер нормативтерінің жобасы, энергия тиімділігін арттыру және энергия үнемдеу жөніндегі іс-шаралар жоспары) бойынша ашық жиналыс нысанында қоғамдық тыңдаулар өткізеді.

Учаскенің географиялық координаттары: 44°30'57.00" с.е. 77°54'5.00" ш.б.; 44°31'29.00" с.е. 77°53'54.00" ш.б.; 44°31'45.00" с.е. 77°54'24.00" ш.б.; 44°31'39.00" с.е. 77°55'13.00" ш.б.; 44°30'59.00" с.е. 77°55'43.00" ш.б.; 44°30'21.00" с.е. 77°54'48.00" ш.б.

Тыңдау 15 желтоқсан күні сағат 12.00-де Жетісу облысы, Көксу ауданы, Айнабұлақ стансысы, С. Рамазанова көшесі, 17 «А», әкімдік ғимараты мекенжайы бойынша өтеді. Өзіңізбен жеке куәлік болуы қажет.

Қоғамдық тыңдаулар ZOOM платформасы арқылы онлайн режимде де қолжетімді болады. Онлайн тыңдауға қатысу үшін келесі сілтеме ар-қылы жоспарланған конференцияға қосылыңыз: <https://us06web.zoom.us/j/82454651984?pwd=w6DwmPbec0Ww6CEmflv6Q2NJuk4K6C.1>

Конференция идентификаторы: 824 5465 1984 Код доступа: 771996 Тапсырыс беруші – бастамашы: «Қазақстандық өнеркәсіптік «Дай-сен» компаниясы» ЖШС, Z05T2P4, Қазақстан Республикасы, Астана қаласы, Нұра ауданы, Тұран даңғылы, 55/6-үй, 69-пәтер, 241240024630, Ботанов Бахтыбек Сансызбайұлы.

Жобаны әзірлеуші: «ЭкоОптимум» ЖШС, Астана қаласы, Бауыр-жан Момышұлы даңғылы, 12, «Меруерт-Тау» бизнес орталығы, 202-кеңсе, тел.: 8 7017287850.

Бірыңғай экологиялық портал және жергілікті атқарушы органның ресми интернет-ресурсына сілтемелер: <https://ndbecology.gov.kz>; <https://www.gov.kz/memleket/entities/zhetysu-natural/contacts?lang=kk>.

Жергілікті атқарушы органның электрондық және пошта мекенжа-йы: Жетісу облысының табиғи ресурстар және табиғат пайдалануды реттеу басқармасы, Талдықорған қаласы, Қабанбай батыр көшесі, 26-үй.

Ескертулер мен ұсыныстар жазбаша немесе электрондық түрде Жетісу облысының табиғи ресурстар және табиғат пайдалануды рет-теу басқармасы, Талдықорған қаласы, Қабанбай батыр көшесі, 26-үй, электрондық пошта: priroda@zhetysu.gov.kz, тел.: 8 (7282) 32-92-67 мекенжайларына қабылданады.

Қоғамдық тыңдауларды өткізу туралы хабарландыру қазақ және орыс тілдерінде «Жетісу» телеарнасында және «Jetisy» газетінде та-ратылатын болады.

ОБЪЯВЛЕНИЕ Общественные слушания

ТОО «Казахстанская промышленная компания «Дайсен» проводит общественные слушания в форме открытого собрания по пакету доку-ментов (ПНЭ, ПУО, ПЭК, ППМ, ПТН, проект нормативов допустимых физических воздействий, план мероприятий по повышению энергоэф-фективности и энергосбережению) для получения комплексного эко-логического разрешения к проекту «План горных работ для разработки золоторудного месторождения «Далабай», расположенного на территории Коксуского района Жетысуской области».

Территория, на которую может быть оказано воздействие: область Жетісу, Коксуский район, Айнабулакский с.о., ст.Айнабулак. Географичес-кие координаты участка: 44°30'57.00" с.ш. 77°54'5.00" в.д. 2: 44°31'29.00" с.ш. 77°53'54.00" в.д. 3: 44°31'45.00" с.ш. 77°54'24.00" в.д. 4: 44°31'39.00" с.ш. 77°55'13.00" в.д. 5: 44°30'59.00" с.ш. 77°55'43.00" в.д. 6: 44°30'21.00" с.ш. 77°54'48.00" в.д.

Слушания состоятся 15 декабря в 12.00 по адресу: область Жетісу, Коксуский район, станция Айнабулак, ул. С. Рамазанова, 17 «А», здание акимата. При себе необходимо иметь удостоверение личности.

Также общественные слушания будут доступны в режиме онлайн посредством видеоконференцсвязи на платформе ZOOM. Для участия в слушаниях онлайн необходимо пройти по ссылке на запланированную конференцию:

<https://us06web.zoom.us/j/82454651984?pwd=w6DwmPbec0Ww6CEmflv6Q2NJuk4K6C.1>

Идентификатор конференции: 824 5465 1984 Код доступа: 771996

Заказчик инициатор: Товарищество с ограниченной ответственностью «Казахстанская промышленная компания «Дайсен», Z05T2P 4, Республика Казахстан, г. Астана, район Нұра, проспект Тұран, дом №55/6, квартира 69, 241240024630, Ботанов Бахтыбек Сансызбаевич.

Разработчик: ТОО «ЭкоОптимум» г.Астана, проспект Бауыржан Мо-мышұлы, 12, БЦ «Меруерт-Тау», офис 202, тел.: 8 7017287850.

Ссылка на Единый экологический портал и официальный интернет-ресурс местного исполнительного органа: <https://ndbecology.gov.kz>; <https://www.gov.kz/memleket/entities/zhetysu-natural/contacts?lang=ru>.

Электронный и почтовый адрес местного исполнительного органа: Управление природных ресурсов и регулирования природопользования области Жетісу, город Талдықорған, улица Кабанбай Батыра, № 26.

Замечания и предложения принимаются в письменной или электрон-ной форме по адресу: Управление природных ресурсов и регулирования природопользования области Жетісу, Талдықорған, улица Кабанбай Батыра, № 26, priroda@zhetysu.gov.kz, 8/7282/32-92-67;

Объявление о проведении общественных слушаний на казахском и русском языке будет распространено следующими способами: телеканал «Жетісу», газета «Jetisy».

Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес мәселелері бойынша сенім телефоны: 87773880990

«Jetisy» газетінің компьютер орталығында тері-ліп, беттеледі. Газет аптасына үш рет – сейсенбі, бейсенбі, сенбі күндері қазақ, орыс, ағылшын тілдерінде шығады.

Газет Талдықорған қаласы, Қабанбай батыр көшесі, 32-үйде, “Алматы – Болашақ” АҚ филиалы “Офсет” баспаханасында басылады.
М. 1 2 3 4 5 6 7 8 9 10 П. 1 2 3 4 5 6 7 8 9 10

Тапсырыс — 1155
«Жетісу Медиа» МКК басылмдарының жалпы таралымы — 10 170, оның ішінде «Jetisy» газетінің осы шығарылымының таралымы — 6070. Индексі — 65469.



№123 (19550)

8 қараша,

2025 жыл



Жаркент қаласының тұрғыны Бейбіт Әсемқанқызы ҚАТЫРБАЕВАНЫ 50 жасқа толған мерейлі мереке-сімен құттықтаймыз! Ең бастысы, денсаулығы мықты болып, отбасынан ынтымақ кетпей, дос-жаран мен туған-туыс алдында абыройы артып, ұрпағымен жүз жасасын деп тілейміз.



50 деген жарты ғасыр бұл өмірде,
50 деген алтын той некеліге.
«Елу жылда – ел жаңа» деген сөз бар,
Сол елуге өзің де келдің, міне.
Қыздарың қиясына қонып жатыр,
Келін алып жылы суга қолың батыр.
Дүниеге келе берсін немерелер,
Алданыш қып солармен таңыңды атыр.



ІЗГІ ТІЛЕКПЕН: жолдасы – Баймұқа, балалары, немересі және Туғанбаевтар әулеті.

✓ ЖЫР-АРНАУ



Аққан Жұлдыз

Шоқанның ұлылығы ілімінде,
Тұла бойы тұнып тұрған білімінде.
Оннан астам тілде оқып зерделеген,
Әр халықтың жадында, жүрегінде.

Жас ғұлама отыз жас ғұмыр кешті,
Әр саланың беймәлім сырын шешті,
Жиырма шақты ғылымды игергенін
Мойындаған ғалымдар «дана» десті.

Қараша – ұлы ғалым туған айы,
Сәуірде қайтыс болған, басты қайғы.
Мекені мәңгілікке тұрақтаған,
Көшентөзген – Алтынемел баурайы.

Рухына әл-Фатиха арыстардың,
Басына бір барыңыз данышпанның.
Ұғарсың оқып көрсен еңбектерін,
Ұшқыр қиял, біліммен жарысқанын.

Ең алғаш «қазақ» деген жазды сөзін,
Қырғыздан бөлек халық, жетті көзің.
Сан қырлы еңбектері таңғажайып,
Оқып көр, тыңдамай-ақ ешкімді өзің.

Қараша – Шоқан туған таң шуағы,
Жетісу – мәңгі бесік тән тұрағы.
Адамзатты сүйіп өткен ұлы ойшылдың,
Әр кеудеге жағылған шамшырағы!

Бағдат АҚЫЛБЕКОВ
Талдықорған қаласы



✓ ӘН ҚАНАТЫНДА

Қазақтың киелі дүниетанымында ошақ – өнегелі өмірдің, жарқын жылулықтың, ұрпақ сабақтастығының нышаны. Ал сол ошақты жаққан ана қолы – мейірім мен махаббаттың бастаухаты. Әнші Гүлнұр Нұрасылованың алдағы шығармашылық кеші де дәл осындай қасиетті ұғыммен сабақтасып жатқандай. Кештің атауы – «Анамның жаққан ошағы». Бұл әшеуіл тауып айтылған тіркес емес, ол – тұтас тағдырдың, терең сағыныштың, мәңгілік рухани байланыстың әлдіі.

АНАМНЫҢ

ЖАҚҚАН ОШАҒЫ

Бұл кештің тарихы бір жыл бұрын басталған. Ол кезде Гүлнұрдың қасында ең қымбат жан – анасы бар еді. Алланың жазуына амал бар ма, жаксы адам жарық дүниемен қоштасып, мәңгілік мекеніне аттанды. Кеше ғана екеуі бірлесе отырып осы концертті жоспарлаған еді. Сахна көріністерін, әндердің ретін, тіпті киер киімге дейін шай үстінде қағазға мөрлеген. Әнші жаңа ән жазуға кіріскенде анасы әр сәтте қолдау білдіріп, кішкентай немерелерін «аналарыңды мазаламандар, кешке дайындалып жатыр» деп тыныш отырғызатын күндер бұл күнде сағынышқа айналған. Сол бір камкорлықтың, нәркес нәзіктіктің әр мезеті Гүлнұрдың жадында жаңғырады. Анаға деген сағыныш – ешқашан сейілмейтін сартап сағыныш. Сол әуезді әсер осы кештің шамын қайта жақты.

«Осы концертті біз анам екеуіміз бірге армандадық. Ол әндерімді тыңдап, сахна көріністерін көз алдына елестетіп, менің шабыттанған сәттерімде үнсіз ғана жымиып отыратын. «Танымал әртістер қатысады» дегенді естігенде ерекше қуанды. «Қызымның кеші үлкен мереке болады» деп шын сенетін. Енді сол арманы менің мойнымда тұрғандай. Бұл кеш арқылы мен анамның аманатын орындамақ ниеттемін», – дейді әнші көзіне жас алып.

Гүлнұр үшін бұл кеш – сахналық өміріндегі кезекті концерт емес, жүрекпен жазылған хат, анасына арналған рухани тағзым, сағыныштың әнге айналған шежіресі. Әншінің өміріндегі ең асыл жан – анасы еді. Ол – Гүлнұрдың алғаш сахнаға шыққан сәтінен бастап тілеуін тілеп, әр әнін көз жасын сүртіп тыңдаған адал жан. Анасының үні мен батасы қызының даусына еніп, әндерінің өзегіне айналды. Бірақ уақыт өз дегенін істеді... Анасы фәниден бақиға озған соң оның өмірінде үнсіздік пен сағыныштың бір кезеңі орнады. Сол

беймәлім сезімді ол өлеңмен емес, әнмен сөйлетті. Ал «Анамның жаққан ошағы» – соның айғағы.

«Бұл кеш мен үшін жай концерт емес. Бұл – анамның рухымен сырласу, ол жаққан оттың жалғасын маздау. Сол от менің жүрегімде жанады. Енді мен соны көпшілікпен бөліскім келеді», – дейді Гүлнұр Нұрасылова тебірене.

«Анамның жаққан ошағы» кеші – жүректі жылытатын мереке, ананың мейірімін сахнаға айналдырған рухани алау. Сахна безендірілуінен бастап ән таңдауы мен әр композицияның мәні – барлығы ана махаббатының айналасында өріледі. Кеш барысында автордың жүрегінен туған жаңа әндер мен көпшілік сүйіп тыңдайтын туындылары шырқалады. Әр ән – бір естелік, әр әуен – ананың алақаны, әр нота – жүрек дірілі.

Кештің бас кейіпкерімен бірге қазақ эстрадасының танымал жұлдыздары да сахнаға шығып, ошағынан мейірім шашқан аналарға арналған әндер мен Гүлнұрдың авторлық туындыларын орындайды. Кеш қонақтарының қатарында мәртебелі өнердің майталманы Мейрамбек Бесбаев, сыршыл үн иесі Мәдина Сәдуақасова, сахна сәнін кіргізетін Сәкен Майғазиев пен Саят Медеуов, сондай-ақ, Гүлнұрдың әріптес-достары мен өңірдегі өнер дүлдүлдері қатысады. Әрқайсысы сахнаға шығып, өмір жолы мен анасына деген құрметіне ортақтасады. Осылайша кеш тек музыкалық емес, адамдық рух пен өнердің бірлігін дәріптейтін ортақ оқиғаға айналмақ.

Гүлнұр Нұрасылова – сахнада нәзіктігімен де, рухани болмысымен де ерекшеленетін өнер иесі. Оның ән айту мәнері – бір мезетте бала мейірімін де,

аналық даналықты да сездіретін ерекше құбылыс. Ол сахнаға шыққанда көрерменнің жүрегінде үнсіздік орнап, әр сөз, әр әуен жүрек қылын тербейді. Сол үнсіздіктің ішінде ананың бейнесі жаңғырып, естеліктер тіріледі. «Анамның жаққан ошағы» кешінде дәл сол рухани байланыс басты орында болмақ. Бұл – аналарға тағзым ету кеші ғана емес, қазақтың отбасылық құндылығын, ана мен бала арасындағы киелі байланысты дәріптейтін көркем туындыға айналмақ.

Кеш барысында сахна бір үлкен ошаққа айналады. Сол ошақтың айналасына көрермен жиналып, әрқайсысы өз жүрегіндегі жылулықты бөліседі. Гүлнұрдың үнімен бірге жарық та, мейірім де, сағыныш та тарайды. Әр тыңдарманға өзінің аяулы анасын еске түсіріп, жүрегіне мейірім мен ізгілік ұялатады. Құмсағат ғұмырдың суытқан сағынышын жылытып, өмірдің мәнін сезіндіреді. Кеш соңында сахнадағы жарық баяу сөніп, тек ошақтың жалыны жанып тұрады. Сол жалын – ананың мейірімін, баланың махаббатын, көрерменнің ризалығын бейнелейді.

Гүлнұр Нұрасылованың «Анамның жаққан ошағы» атты шығармашылық кеші – ән мен естеліктің, мейірім мен сағыныштың тоғысқан тұсы. Бұл – өнердің ғана емес, адамның жүрек тарихының сахнадағы көрінісі. Өйткені оның үні – анамың мейірімін жеткізетін үн, ал «Анамның жаққан ошағы» – мәңгілік жалынның символы. Ол жалын ешқашан сөнбейді. Ол – анамың алақанында қалған жылу, қыздың жүрегінде маздаған шырақ, жұрттың жүрегін жылытқан мәңгілік ошақ. Сол ошаққа сіз де жылыныңыз, құрметті оқырман!

Мұхтар КҮМІСБЕК

✓ АЙТАР МЕЗЕТ

Қазіргі таңда қоғамның бет-бейнесін, мінез-құлқын көрсететін басты айна – әлеуметтік желі десек, қателеспейміз. Алайда соңғы жылдары бұл айна шаң басқандай бұлыңғыр тартып барады. Себебі, желіде өз отбасының жеке мәселесін ашық айтып, ел алдында арын таптап, абыройын айрандай төгіп жүргендердің қатары көбейді. Бір кездері қазақ «ұят болады» деп ұстанған, «ерлі-зайыптылардың арасындағы сыр елге жайылмайтын құпия» деп бағалаған қасиетті ұғымдар қазір көптің күлкісіне айналып бара жатқандай.

Санжар СҰЛТАНҒАЗЫ,
«Jetisy»

Бүгінде танымал болу үшін, жұрттың назарын өзіне аудару үшін кейбір блогерлер мен өнер адамдары өз отбасын әңгіме қылудан да тайынбайды. Кешегі Абайдың асыл шәкірті Шәкәрім Құдайбердіұлы «Өзгеден бұрын өзіңді түзе» деген болса, бүгінгі кей блогерлер, керісінше, өзгені сынап, өз отбасында да жұрт алдында талқылауға шығарып отыр. Айрандай ұйып отырған

ӘЛЕМ ЖЕЛДЕН ӘДЕП ЖОҒАЛДЫ



отбасының ойранын шығарып, жұбайлық өмірін жарнамалағандар ел ішінде «атағы шыққан» тұлғаларға айналды. Бұрын қазақ қоғамында іш-тегі реніш, үй ішінің мәселесі сыртқа шықпайтын. «Отбасының ұяты – әйелде, абыройы – ерде» деп ұлт санасы әрқашан тектілік пен тәрбиеге баса мән беретін. Ал қазір сол ұстанымның орнын «контент», «көрілім жинау», «жарнама» деген түсініктер басқандай.

Бейнежазба түсіріп, «сұхбат беремін» деген желеумен отбасының құпиясын, ел алдында айтылмауға тиіс сөздерді жария етіп жүргендер аз емес. Бірі тоқал алуын насихаттаса, енді бірі бұрынғы жұбайын кінәлап, өз әрекетін ақтап алуға тырысады. Мұның бәрі – жас ұрпақтың санасын улайтын, қоғамның мәдени деңгейін төмендететін құбылыс.

Қазақтың ежелгі салтында әр істің өз шегі, әр сөздің өз

әдебі бар. Ал бүгін сол шекара бұзылды. Кім көрінген «журналист» болып, сұхбат алуға кірісіп кетті. Бірақ журналист болу – микрофон ұстай салу емес, ол жауапкершілігі зор, этиканы, шындық пен әділдікті талап ететін мамандық. Шын журналист ешқашан адамның жеке өмірін әшкерелеуді мақсат етпейді, қайта қоғамға пайдалы, рухани тәрбиелік мәні бар дүние ұсынады. Ал блогердің атын жамылып, әркімнің үй ішін талқылап, көз жасынан пайда көргендер бұл мамандықтың қадірін кетіруде.

Қоғамның дамуы үшін сөз бостандығы керек, бірақ ол еркіндік ар мен ұяттың шегінен аспауы тиіс. Бүгін ұсақ-түйек дау мен жанжалды желіде жариялап жүргендердің ертең ұрпағы не көреді, кімнен үлгі алады? Ұлттың жүрегін сыздатып да осындай жауапсыздық пен жеңіл әуестік.

Қазақ қоғамына бүгінде терең ой мен тектілік жетіспейді. Әлеуметтік желіні ақылдың емес, аяқайдың алаңы жасамай, керісінше, мәдениетті пікір мен ізгі ниетті насихаттайтын орынға айналдыру баршамыздың борышымыз. Өйткені қазақтың ұяты – ұлттың іргесі, ал ірге сөгіліп кетсе, қазақтың қадірі қайнаған қара қазаны төңкеріліп қалары анық.